


Әділетті Қазақстан

Құнды активтерді әсекешелендіру ісі қатаң бақылауда болады, оны шағын топтың иеленіп кетуіне жол бермейміз. Заңсыз алынып шетел асырылған активтерді елге қайтару жұмысын жандандырамыз. Оның игілігін бүкіл халқымыз көретін болады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

САРАПТАМА



ҚАЗАҚСТАНҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК

6

ТАРИХИ ТАНЫМ



ӘРІП АУЫСТЫРУ ӘЛЕГІ

8

ҚОҒАМ



СЫЙЛАСТЫҚ СЫРЫ

22

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.07.2023

Түнде:



+21+23 °C

Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C

Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

14.07.2023

Түнде:



+23+25 °C

Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+36+38 °C

Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №83 (6376) 13 шілде, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АҚОРДА

ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕР ЕЛГЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ



Мемлекет басшысы заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы Заңға қол қойды. Бұл жұмыс енді ҚР Бас прокуратурасына жүктелді. Заңды қадағалаушы ведомство мемлекеттік органдардың ақпараты мен заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер негізінде мониторинг пен талдау жүргізеді. Кейін комиссия тұлғаларды реестрге енгізу туралы шешім қабылдайды.

3

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Алматы қаласының әкімдігі ғылыми
жобаларға қолдау көрсетеді



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың ұсынысымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы 2 ай бойы Алматы агломерациясына бейімді 50-ге жуық жобамен танысып, ғылыми инновациялық жобаларды іріктеді. Соның нәтижесінде талапқа сай әрі оңтүстік астана үшін таптырмас 11 жоба авторы Ерболат Асқарбекұлы мен әкімдік басқармаларына өз еңбектерін таныстырды. Бұл туралы ҚР ҰҒА Баспасөз қызметі хабарлады.

3

ҚЫСҚА...

- Президент Прокуратура туралы заңға енгізілген өзгерістерді мақұлдады.
- ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне өзгерістер енгізілді.
- 2024 жылдың соңына дейін Қазақстанда 207 жайлы мектеп салынады.
- Жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары 15 мыңнан астам жұмыскердің құқығын қорғады.
- «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды.
- Қазақстанда сантехник, электрик, дәнекерлеушілердің жалақысы 50–100%-ға өседі.
- «Үздік педагог» байқауына өтінім қабылдау басталды.
- 7-20-25 бағдарламасына өтініш беру жалғасады.
- Алматы жолдары жаңа технологиялар арқылы жаңартылып жатыр.
- Мегаполисте әл-Фараби даңғылында кері және екі жолақты қозғалыс ұйымдастырылды.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановты қабылдады. Президентке Төтенше жағдайлар министрлігінің атқарып жатқан жұмыстары мен жоспары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына министрлікте алдағы уақытта жүзеге асырылатын трансформация және қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары туралы мәлімет берілді. Министрдің айтуынша, төтенше жағдайлардың саны мен ауқымы ұлғайған жағдайда азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін төтенше жағдайдың салдарын жоюдан бұрын оның алдын алуға бағдарлау көзделіп отыр.

Сонымен қатар, Президентке құтқару бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын жарактандыру және цифрландыру ісін нығайту, сондай-ақ құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің кадрлық әлеуетін арттыру, оларды әлеуметтік қорғау шараларын күшейту жөнінде ақпарат берілді.

Сырым Шәріпханов халықты алдын ала қорғауға қажетті жағдай жасау мақсатында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге айрықша мән беріліп отырғанын айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев министрлікке төтенше жағдайлардың санын азайту, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру жөнінде тапсырма берді.

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Жанболат Жоргенбаев, Геннадий Шиповских және Закиржан Кузиев Алматы облысында болды. Депутаттар Қонаев қаласына сапар барысында суару жүйесін жаңғырту жөніндегі құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, су пайдаланушы шаруашылықтарының өкілдерімен кездесті.

Су пайдалану шаруашылықтарының өкілдерімен кездесу барысында сенаторлар сумен жабдықтауға, су жинау құрылыстарындағы санитарлық-қорғау аймақтарын күтіп ұстауға, су шаруашылығы объектілерін тазалауға және күрделі жөндеуге байланысты өзекті мәселелерді талқылады.

«Сенаторлардың аудандарға сапары басталды. Біз негізінен, су ресурстарын басқару мәселелеріне назар аударатын боламыз. Бізге олардың проблемаларымен және өзекті мәселелерімен танысу аса маңызды. Әрине, олардың кейбірі бізге белгілі, бірқатар бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп те жатыр. Бірақ орталық деңгейде шешілетін мәселелер бар. Мысалы, бүгінгі жиналыста суармалы алқаптарды сумен жабдықтау жағдайы нашар екендігі атап өтілді. Осы мәселені шешу мақсатында 8 аудан мен Қонаев қаласында 54,1 мың гектар суармалы жердегі жоғалған суару желісін қалпына келтіру бойынша қайта жанарту жұмыстары жүргізілуде», – деді сенатор Жанболат Жоргенбаев.

Сенаторлардың сапары Іле ауданында одан әрі жалғасты. Онда сенаторлар Қарай ауылдық округіне тиесілі «Шала» және «Құралас» арналарының жай-күйімен және Ащыбұлақ ауылдық округіндегі газарту құрылысының барысымен танысып, су пайдалану шаруашылықтарының өкілдерімен кездесті.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс спикері, «Аманат» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Түркістан облысында болды. Онда өңірдегі әлеуметтік нысандарды, кәсіпорындарды аралап, тұрғындармен партиялық жобалардың іске асырылу барысын талқылады.

Палата спикері сапарын Сайрам ауданындағы сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорын «Аулан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін аралаудан бастады. Мұнда «Ауыл аманаты» партиялық жобасына атсалысқан шаруа қожалықтары басшыларының қатысуымен бағдарламаның іске асырылу барысы талқыланды. Аталған жоба ауыл-аймақта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған.

«Ауыл аманаты» жобасы – ауыл азаматтары үшін табысын арттыруға зор мүмкіндік. Бұл, әсіресе, тұрғындарының көбі ауылда тұратын Түркістан облысы сияқты халқы тығыз өңір үшін өзекті. Биыл осы бағдарлама бойынша бөлінетін барлық қаражаттың бестен бір бөлігі дәл осында бағытталады. Бұл шамамен, 20 миллиард теңге. 3,5 мыңға жуық адамға жаңа жұмыс орындары ашылады», – деді Ерлан Қошанов.

Облыста «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру қорытындысы бойынша оған қатысушылардың орташа айлық табысын 1,5 есе, сүт өнімдерін өндіруді 40,6 пайызға, етті 63,2 пайызға, жылыжай өнімдерін 30 пайызға ұлғайту жоспарланған. Жалпы, биыл жоба аясында еліміз бойынша 17 мың адамды қамту көзделіп отыр. Сондай-ақ, Ерлан Қошанов «Қарызысыз қоғам» жобасына қатысушылармен кездесті. Жоба қаржылық сауаттылықты арттырып, қаржыны дұрыс жұмсауға үйретеді. Жобаны өңір тұрғындары жоғары бағалап отыр.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, қазақстандықтарды жылу, электр энергиясы, су және басқа да коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету үшін республиканың ТКШ инфрақұрылымы жаңартуды қажет етеді. Сондай-ақ, бұл саладан жылдар бойы жалақысы өспеген білікті мамандар кетуде. Осы проблемаларды шешу үшін «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы іске асырылып жатыр, оған сәйкес 2023–2029 жылдарға 62 мың км инженерлік желілерді жаңғырту үшін шамамен 3 трлн теңге инвестиция тарту көзделіп отыр. Есептеулерге сәйкес, бұл 2029 жылға қарай желілердің тозуын 20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Үкімет басшысының айтуынша, биыл тұрғындар үшін тарифтер 10%-дан 30%-ға дейін өседі. Бұл – барынша ұстамды тариф, онсыз коммуналдық инфрақұрылымның сапалы жұмысын қамтамасыз ету мүмкін емес.

«Тариф мәселесінде біз барлық жақтың да мүдделерін ескеретін тең ортаны таба білуіміз керек. Яғни саланы дамыту қажеттілігін де, халықтың мүмкіндігін де ескеруге тиіспіз», – деді Премьер-Министр.

Оған қоса, Үкімет басшысы тарифтердің өсуі аз қамтылған отбасылардың табысына әсер етпейтінін айтты.

«Жергілікті бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасыларға коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін тұрғын үй көмегі берілуде. Ол коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстар отбасының ай сайынғы орташа жиынтық табысының 10%-ынан асып кеткен жағдайда төленеді», – деді Үкімет басшысы.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

БАС ҚАЛАҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙМІЗ

Мемлекет басшысы елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді



Мемлекет басшысы елорданы дамыту мәселелері жөнінде келелі кеңес өткізді. Президент өз сөзінде биыл бас қаламыздың құрылғанына 25 жыл толғанын, Астана ширек ғасыр ішінде заманауи ірі қалаға айналғанын атап өтті. Астаналықтар саны айтарлықтай көбейді. Алдағы жылдары қала халқы 1,5 миллионға жетеді деген болжам бар.

«ӨРКІМ ӨЗІ ЖЕТІК БІЛЕТІН

ІСПЕН АЙНАЛЫСУЫ КЕРЕК»

Мемлекет басшысының айтуынша, елорда – еліміздің іскерлік, саяси және мәдени орталығы. Еліміздің барлық аймағы бас қалаға қарап бой түзейді, дамиды. Астана көптеген салада, соның ішінде азаматтардың өмір сүру сапасы бойынша да басқа қалаларға үлгі көрсетеді.

Президент Астананы одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындап берді. Біріншіден, елорданың жылуды қамтамасыз ету жүйесі орнықты болуы қажет.

– Елордадағы негізгі өзекті мәселелер қаланың дамуына қатысты тиісті жоспардың, яғни дұрыс жоспарлау жұмысының жоқтығынан туындап отыр. Мұны ашық айтуымыз керек. Бақылаусыз жүргізіліп жатқан құрылыс, сападан гөрі санға мән беру және жан-жақты ойластырылмаған шешімдер қаладағы өмірлік маңызы бар инфрақұрылымның тапшылығына алып келді. Жағдайдың соншалықты мүшкіл болуына жауапты басшылардың біліксіздігі немесе бас пайдасын ойлағандығы себеп болды. Қала басшылығы құрылыс компанияларының пайдасын емес, мемлекет пен азаматтардың мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс. Өткен жылыту маусымында қалада жылу қуатының тапшылығы қатты сезілді. Қыс жылы болғандықтан, апаттан аман қалдық. Ал қала басшылығы қалыпты жылумен қамтамасыз етуге дайын болмаса да, миллиондаған шаршы метр тұрғын үй салуды қолдап келеді. Қаладағы инженерлік инфрақұрылымның дамуы көбіне коммуналдық кәсіпорындарды басқаратын лауазымды тұлғалардың кәсібилігіне де байланысты. Жеңіс Махмұдұлы, жыл басында сізге қаладағы коммуналдық мекемелердің басшылық құрамына талдау жүргізу тапсырылды. Байқауымыша, әзірге бұл тапсырма толық орындалған жоқ. Елорданың жылу электр стансасын заңгер, Астана аймақтық электр желілік компаниясын бағалаушы, жылу транзитін агроном, қалалық су арнасы мекемесін зоотехник басқарады. Өркім өзі жетік білетін іспен айналысуы керек деп ойлаймын. Әйтпесе, жұмыстың нәтижесі тиісті деңгейде болмайды. Қала басшылығының таяз ойлауы және әрекетсіздігі салдарынан жаңа жылу көздерін, су құбырын, кәріз суын тазарту нысандарын «төтенше» режимде салуға мәжбүр болып отырмыз», – деді Президент.

«ҚЫС ШАНАҢДЫ ЖАЗ САЙЛА»

Мемлекет басшысы елордадағы инфрақұрылым нысандарының құрылысы өте бау жүргізіліп жат-

қанын сынға алды. Қасым-Жомарт Тоқаев бір ай мерзімде үшінші ЖЭС-тің екінші кезеңі мен үшінші газ қазандығының құрылысына қатысты біржақты шешімге келу жөнінде тапсырма берді. Негізгі міндет – Астананы кемінде алдағы 10 жылда сенімді жылу жүйесімен қамтамасыз ету.

– Үкімет барлық аймақтағы жылу маусымына дайындық жұмыстарын қатаң бақылауда ұстауы керек. 30 градус аязда жылусыз қалған Екібастұз тұрғындарының оқиғасына қайта жол бермеуіміз қажет. Жаздың да тең жартысы өтті, алда уақыт көп емес. Сондықтан қаладағы барлық тиісті қызметтер қысқы маусымға сақдай сай болуы қажет. Күн суытқанша бүкіл елдегі жылу көздері мен коммуналдық желілердің дайындығын пысықтау үшін барлық қажетті іс-шараларды қабылдаған жөн. Бұл үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі қажет. Сондай-ақ, жылу стансаларының меншік иелері мен мердігерлер өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы керек», – деді Мемлекет басшысы.

ТЕҢСІЗДІКТЕР
ЖОЙЫЛАДЫ

Президент биыл үлескерлері бар 16 үйдің құрылысын аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар, ескі және апатты жағдайдағы үйлерге қатысты проблемаға тоқталды.

– Оң жағалауды – қаланың ескі бөлігін сақтауға және дамытуға тиісті деңгейде көңіл бөлу қажет. Оның өз харизмасы бар. Біз Астананы тең дәрежеде дамытуымыз керек. Инвесторлар апатты жағдайдағы ғимараттармен айналысуы қажет. Тұрғындарды басқа жаққа көшірсін. Босаған жерге жаңа нысандар салсын. Ал әкімдік оларға қажетті жағдайды жасасын. Инженерлік инфрақұрылымды дамытсын. Жолдар, әлеуметтік нысандар салып берсін. Осылай бірлесіп жұмыс істегенде ғана ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үй мәселесі шешімін табады. Сонымен қатар, қаланың орталығы мен шет аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюды. Қаланың ескі бөлігінің сыртқы келбеті жақсарды. Елорданың сол жағалауы ғана емес, барлық ауданы қолайлы болуы керек. Адамдардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін құрылыс саласындағы озық шешімдер бас қаланың барлық аймағында қолданылуға тиіс. Аспанмен таласқан биік үйлер, ауқатты кварталдар мен кедей аудандар, жартылай қираған ғимараттар – бұл біздің жол емес. Жағдайды «теңестіру» керек. Әділетті қоғам құру осындай ұстанымнан басталады», – деді Президент.

«АЛМАТЫ СЕКІЛДІ АСТАНА
ДА ЖАСЫЛ ҚАЛАҒА
АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

Қасым-Жомарт Тоқаев елорда сәулетінің бірыңғай келбетін қалыптастыру үшін батыл іс-шаралар қабылдау қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, салынып жатқан нысандар бір-бірімен үйлеспейді, ортақ стиль жоқ, эклектика басым. Елордада біркелкі әрі сүренсіз «қорап-ғимараттар» қаптап кетті. Олардың сапасы көбіне сын көтермейді.

– Мыңжылдық аллеясының қалай салынып жатқанын қараңыздар. Ол әуелде ойлағандай елорданың көрнекті жерлерінің бірі болуға тиіс еді. Нәтижесінде үйлерінің қасбеттері талғамсыз, алабажақ екі жұпны көше пайда болды. Айналасы лас, егілген ағаштар шыбық күйінде қурап қалған, инженерлік инфрақұрылымының проблемасы шаш-етектен. Бұған қоса, осы аллеядағы жалғыз шағын саябақты үй салу үшін жекеменшік компанияға беріп жіберген. Бұл – мүлде шектен шыққандық. Бас жоспарда қарастырылған шағын саябақтарды қайтаруды және Мыңжылдық аллеясын жүйелі дамыту мәселесімен шұғыл айналысуды тапсырамын. Мен қаланы көгалдандыруға, оны абаттандыруға, саябақтарды дамытуға айрықша көңіл бөлемін. Бұл Астанаға ғана емес, барлық облыс орталықтарына және Алматыға да қатысты. Алматы секілді Астана да жасыл қалаға айналуы керек. Бейбітшілік және келісім сайрай-нан жаңа вокалға дейін созылып жатқан елорданың стратегиялық осі үлкен әрі жайлы, жасыл желекті саябаққа айналуға тиіс. Оның маңайындағы көшелер мен аулалардың бәрін тиісті деңгейде абаттандыру керек. Жалпы, «Жағалау» шағынауданы мен Туран даңғылының батыс жағындағы құрылыс алаңы секілді елорданың жаңа аудандары мүлдем абаттандырылмаған. Көшелер жарықтандырылмаған, жаяу жүргіншілер жолы жоқтың қасы, қоғамдық орындар қарастырылмаған. Ал саябақтар мен шағын бақтар туралы айтпай-ақ қояйық. Ондай атымен жоқ», – деп Мемлекет басшысы бірқатар түйткілді мәселелерге назар аударды.

● ТҮЙІН:

Сонымен қатар, кеңес барысында қоғамдық көліктің жұмысына және жолдағы көлік кептелісіне, LRT жобасының жүзеге асырылуына қатысты мәселелер қарастырылды. Сондай-ақ, Үкіметке Астана қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, елорда агломерациясын дамытуды ойластыру жөнінде тапсырма берілді. Жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев, Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, сондай-ақ Цифрлық даму, инновация және агроарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөз сөйледі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АҚОРДА



ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕР ЕЛГЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Осыдан бастап активтерді иемденудің заңдылығын растау қажет. Ол үшін декларация тапсыру керек болады.

Құжатта субъектілер заңды тұлғаның кірістерін, активтерін, жарғылық капиталына қатысу үлес-терін, Қазақстандағы және шетелдегі қарыздарды, активтердің шығу тегі туралы өзге де мәліметтерді көрсетуге тиіс. Егер заңдылықты растай алмаса, мұндай активтер шығу тегі түсініксіз деп танылады.

Активтерді мәжбүрлі

түрде қайтару уәкілетті органның сотқа жүгінуі арқылы жүзеге асырылады. Заңда адал сатып алушыларды қорғау тетіктері де көзделген.

Заң ережелерін қолдану үшін көрсетілген критерийлерге қосымша тұлғаларда Заңда белгіленген шекті сомадан – 13 млн АЕК-тен асатын (44 млрд 850 млн теңге немесе шамамен 100 млн АҚШ доллары) активтері болуға тиіс. Шетке кеткен заңсыз активтерді елге қайтару жұмысы қалай жүзеге асады? Салаға қатысты маманның пікірін білген едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сапарбай ЖОБАЕВ,
экономист-ғалым,
сарапшы:

ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕРДІ ЕСЕПТЕУ ҚИЫН ЕМЕС

Соңғы 30 жылда еліміздің байлықтарын өзінің мүддесін ойлаған кейбір азаматтар заңсыз шетке шығарып, Қазақстанның экономикасына залал келтірді. Егер ол активтер елімізде болғанда зауыттар мен фабрикалар, т.б. жұмыс орындары артып, ішкі өнім де көбейер еді. Ал енді осы шетке шығарылған ақшалардың дені үйге, көлік, яхта сияқты жылжымайтын мүліктерге, Қазақстанға пайдасы жоқ дүниелерге кетті. Кез келген активтер қай елде болса, сол елдің мүддесі үшін жұмыс істеп жатыр. Ел азаматтарының көбі Швейцария, Англия, Франция сияқты мемлекеттердің экономикасына жұмыс істеуде. Бұл ақшаларды елге қайтару керек. Заңсыз шығарылған деген соттың шешімі болса, активтер мемлекетке қайтаруға тиіс. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайына, елдің экономикасына пайдалы болар еді. Бұл заңның маңызы – осында.

Заңсыз активтерді анықтау қиын емес. Мәселен, кез келген шетке шығарылған ақшаның көлемі мен пайызын анықтап, жеке тұлғаның жұмыс істегенін, сол байлық қалай пайда болғанын анықтау керек. Егер ол тұлға әкім немесе әкімнің орынбасары, иә болмаса министр болса, оның ай сайын алатын айлығы белгілі. Сол айлық есептеліп, декларация арқылы анықталады. Шетке шығарылған активтің заңсыз екені белгілі болады. Соттың шешімі шығып, заңсыз активтер елге қайтарылады.

Өткен жылы қаңтар кезінде елдегі үлкен олигархтар Қазақстан даму банкінен 1 млрд-қа жуық долларлық несие алып, шетке шығарып жіберген. Ал оған үкімет мүшелерінің екеуі қол қойып, рұқсат берген. Сол адамдар комиссия мүшелері болып отыр. Сондықтан бұл мәселеде алдымен комиссия мүшелеріне мұқият қараған жөн.

Кезінде Президент 150 млрд ақша шетке шыққан деді. Ұлттық банк 70 млрд десе, мемлекеттік емес ұйымдар 400 млрд-қа жуық қаржы шетке шыққан деген ақпарат келтірді. Әркім әртүрлі бағаны айтады. Сондықтан заңсыз активтерді есептеу қиын емес. Бірақ олардың заңсыз екендігін дәлелдейтін сот шешімі керек.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Алматы қаласының әкімдігі ғылыми жобаларға қолдау көрсетеді

(Басы 1-бетте)

Ғылыми жобаларды талқылау барысында ғалымдар инфрақұрылымдарды дамытуда тұрғындар үшін қауіпсіздіктің басты назарда тұруы маңызды екенін атап өтті. Ғалымдар ұсынатын жобалардың қай-қайсысын алсақ та, қаланың дамуын жетелдетіп, болашағын жақсартады. Қазір жаһандық қауымдастықты электр энергиясының жетіспеушілігі, су ресурстарының күрделі мәселелері, сондай-ақ ауаның ластануы, өндірістік қалдықтардың қордалануы сияқты өзекті мәселелер алаңдатып отыр. Бұл мәселе елімізді, оның ішінде ең ірі мегаполис Алматы қаласын айналып өтпейді. Қала әкімдігіне ұсынылған жобалар да осы мәселені қамтып, оның шешілу жолына бағытталған. Электр тоғын, су ресурстарын үнемдейтін технологиялар ойлап табу немесе өндірістік суларды тазалап, қайта пайдалануға жарату, экологияны, ауа бассейнінің ластануының алдын алатын әдістер ойлап табу-дың пайдасы зор.

Қаладағы көлік жүйесінің Sergek Digital Twin цифрлы көшірмесі көлік және жаяу жүргіншілер туралы ақпарат жинауға негізделген. Бұл жоба интеллектуалды бағдарламалық кешенді жинақтауға мүмкіндік береді. Полиция жүйесінің жұмысына кедергі келтірместен ақпаратты толыққанды өңдеу мүмкіндігі мол.



Ұтымды жобаның бірі – автокөлікті автономды электр қуаттау бекеті. Отандық өнім болашақта жанаржағар май бекеттерін алмастыруы мүмкін. Ерекшелігі – құрылғы күн мен желден қуат алады. Қуаттылығы 120 кВт болатын өнімге қызығушылық танытып отырған елдер бар екен. Өйткені, баламасы жоқ бұл жоба қай тұрғыдан алып қарағанда да тиімді. Өйткені, қазірдің өзінде Алматы көшелерінен электрлі көліктерді жиі байқай-

мыз. Қала әкімі тағы да келіссөздер жүргізетінін, Алматы үшін тиімді бірнеше жобаға қызығып отырғанын айтты.

Қала әкімі бастамашы болып қана қоймай, бірнеше жобаны қолдауға әзір екенін жеткізді. Демек, болашақта Алматы ғылым қаласына айналары сөзсіз. Мұндай бастаманы өзге өңір басшылары да қолға алса отандық ғылымның айы оңынан туары сөзсіз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТУРИЗМ

СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Таяу Шығыстан келген туристер арасында Алматыға демалуға келетіндер көп

Биыл 1 шілдеде Оманнан Алматыға тікелей әуе рейсі ашылғаннан кейін шетелдік туристер жиі келе бастады. Сапар бағдарламасында Алматының ең танымал көрікті жерлері, шопинг және қаланың үздік мекемелері бойынша гастротур бар.



Ол «Алматы-Маскат» бағыты бойынша жаңа рейсті ашудың мақсаты Қазақстан мен Оманның

туристік әлеуетін дамыту, екі елдің арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайту

екенін айтты. Оның айтуынша, Туризм басқармасы Алматы қаласын халықаралық нарықтарда белсенді түрде

ілгерілетуде. Мысалы, Таяу Шығыс елдерінен туристерді тарту үшін Катар, БАӘ, Сауд Арабиясы және Оманның ірі қалалары бойынша роуд-шоу ұйымдастырылды. Былтыр Алматы Туризм басқармасының өкілдері Dubai – Arabian Travel Market 2022 көрмесіне қатысты.

Айта кетерлігі, пандемиядан кейін Алматыда туристер көбейе бастады. 2022 жылы мегаполиске келген әрбір төртінші турист шетелдік. 2022 жылы Алматыда шетелдік туристер саны 417 мың адамға жетті. Биыл бірінші тоқсанда қалаға басқа елдерден 400 мыңнан астам турист келген.

БРИФИНГ

Салық тәртібі

Қандай құқық бұзушылықтар жиі орын алады?



Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Заң басқармасының басшысы Абылай Мекебаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде салық салу саласындағы ең жиі кездесетін құқық бұзушылықтарды айтып берді.

Департаменттің деректері бойынша жыл басынан бері Алматы бойынша 14 260 әкімшілік материал жасалды, оның ішінде 2570 хабарлама болса, қалғаны – әкімшілік хаттамалар мен қаулылар. Бұл ретте салық салу саласындағы жиі орын алатын құқық бұзушылықтар әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің баптары бойынша жасалады екен.

«Әкімшілік айыппұлдардың көпшілігі төленбейді, тексеру нәтижелері бойынша туындаған айыппұлдар төленбей қалады. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер бойынша, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 278-бабы бойынша төленбейді. Сондай-ақ, 91-92-92-1 баптары бойынша, бұл айыппұлдардың санаттары, оларға ішінара 275-бап қосылады, яғни салық салу объектілерін жасыру. Бұл – төлемдер бойынша мәселелер жиі кездесетін баптар. Өндіріп алу шараларын Мемлекеттік кірістер органы атқарушылық іс жүргізу органдарына жүгінбей-ақ жүргізеді», – деді А.Мекебаев.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы оған уәкілеттік берілген лауазымды адам жазбаша түрде жасайды. Жазбаша үлгісімен қатар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың электрондық нысаны да пайдаланылуы мүмкін.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МИБ

«БІР ҮЙ – БІР БІРЛЕСТІК – БІР ЕСЕПШОТ»

Алматыда 6064 басқарудың жаңа нысаны құрылды

Тұрғын үй саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес, бүгінде елімізде ПИК-тердің орнына мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) және жай серіктестіктер (ЖС) құрылып жатқанын білеміз.

Көпшілікке мәлім, заңдағы бұл түзетулер халықтың «ПИК дұрыс жұмыс істемейді» деген шағымынан туындаған болатын. Кейіннен тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, елімізде «бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» қағидасы енгізіліп, басқарудың жаңа нысанын құру туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, басқарудың жаңа формасына қазақстандықтар 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көшуге кеңес ала бастаған-ды. Деректерге сүйенсек, бүгінде жалпы Қазақстан бойынша көппәтерлі үйлердің 90%-дан астамы басқарудың жаңа формасына ауысып үлгерген.

Алматы – ірі тұрғын үй қоры бар алып мегаполис. Қазіргі таңда шаһарда 800-ден астам ПИК қызмет көрсететін 8,6 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үй бар. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Дастан Маусымбаевтың мәліметінше, 2023 жылдың 11 шілдедегі, яғни бүгінгі күнгі жағдай бойынша, 6551 көппәтерлі тұрғын үйді қамти отырып, басқарудың 6064 жаңа нысаны тіркелген. Қазіргі таңда алматылықтардың таңдауы бойынша 1392 мүлік меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) және 4672 жай серіктестік (ЖС) құрылып отыр. Бұл шамамен, 92% көпқабатты тұрғын үйдің пәтер

иелері өз таңдауларын жасады деген сөз.

Алматыда МИБ-тің артықшылықтарын пайдаланып, мамыражай тірлік кешіп жатқан қала тұрғындары баршылық. Солардың бірі – Жетісу ауданына қарасты «Құлагер» ықшамауданындағы №53 көпқабатты үйдің тұрғындары.

Жаңа заңнамаға сәйкес МИБ құрып, өздері тұрып жатқан үйді жаңартып жатқан тұрғындар үшін бұл шешімді қабылдау қиынға соққан жоқ. «Әліптің артын бағайық» деген тұрғындар, алдымен жан-жағындағы ел-жұрттан басқарудың жаңа нысаны туралы ақпараттар алып, көрші үйлердегі тұрғындардың пікірлеріне құлақ түрді. Кейіннен арнайы мамандардың кеңесін алды. Содан кейін барып өздері шешім қабылдады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген осы болар, «құлагерлік» тұрғындар ақылдаса келіп, араларынан өз ісіне адал, көпшен тіл табыса білетін, қаржылық сауаттылығы бар Мұхит Қалиев есімді азаматты төраға етіп сайлады. Жауапкершілігі мол жұмысты өзіне сеніп тапсырғаннан кейін жігіт ағасы қол қусырып қалай отырсын, бірден көпшіліктің сенімін ақтау жолында қызметке кіріскен.

Мұхит Қалиев іске кіріспес бұрын, көршілердің басын қосып, жиналыс өткізеді. Онда ең алдымен қандай жұмыстарды қолға ал-



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы тұрғындары мүлкті басқарудың жаңа нысандарын ашу бойынша барлық ақпаратты МИБ бойынша кеңес беру орталығынан ала алады.

ған жөн деген сауалға жауап іздеп, тұрғындардың пікірін тыңдады.

– 2007 жылы қолданысқа берілген үй ұзақ уақыт бойы жөндеу көрмеген. Едендегі плиталар сынып, тоза бастаған еді. МИБ құрып, төраға сайлап едік, үйіміз жап-жаңа болып шыға келді. Қазір үйдің іші айнадай тап-таза. Едені жаңа плиталарға ауысып, мұнтаздай болып жатыр. Жайлы, таза жерде тұрудың өзі біздің ішкі мәдениетімізді көрсетеді. Сондықтан бұл бастаманы қолдаймыз. Алдағы жылдары үйдің айналасына гүл егіп, ағаш отырғызсақ деп ойлаймыз. Қазіргі жағдайы-

мыз өте жақсы, – дейді №53 үйдің тұрғыны Гүлім Бағдатқызы.

Аз уақыт ішінде үйлері тотыдай түрленіп сала берген үйдің келбетіне сүйсінген пәтер иелері өздері сайлаған төрағалары – Мұхит Қалиевтің жұмысына дән риза. Өйткені, іскер азаматтың қолға алған жұмысын аяқсыз қалдырмайтынына, тындырымды жұмыс істейтініне көздері жетті. Қажет кезінде езілін айта жүріп, көппен бірлесіп жұмыс істеп жүрген азамат енді жылу маусымына қарай құбырларға жөндеу жұмыстарын жүргізетінін айтты.

– Көптің көңілінен шығып қызмет ету оңай шаруа емес. Алғашында қаражат жинау мәселесінде біраз түсініспеушіліктер болды. Бірақ кейін барлығы орнына келді. Әрбір аяқталған істің соңынан ортақ чатта есеп беріп отырамын. Алда қандай жұмыстар жүргізетінімізді айтып, көпшіліктің пікірін тыңдауды да қалыс қалдырған емеспін. Қыста үйіміз жылы, ыстық-суық суы үздіксіз ағып тұратын үйді барлығы қалайды. Сондықтан жақында қысқа дайындықты бастаймыз. Жертөледегі құбырларға тексеру жүргізіп, мамандардан кеңес аламыз. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, бастаған жұмысты бірігіп атқарғанда ғана жұмыс өнімді болады. Демек, бұл жердегі ең басты мәселе тұрғындармен ашық, өзара түсіністік жағдайда бірлесе жұмыс істеу. Міне, сонда ғана қолға алынып отырған тұрғын үй-коммуналдық реформаның мақсаты орындалары хақ, – дейді Мұхит Қалиев.

Құлагердегі №53 үй дәл №148 мектептің алдында орналасқан. Тұрғын үй мектепке жақын бой көтергендіктен болар, мұндағы аулалардың барлығы тап-тұйнақтай. Балалар ойнайтын алаңдар мен үлкендер демалып, тынығатын орындар да заманауи жабдықтармен қамтылған. Тұрғындарға керекті де осы емес пе?

Егер тұрғындар кондоминиумның ортақ мүлкін басқарудың жаңа нысанына әлі көшпеген болса, уақыт оздырмай іске кіріскені жөн. Өйткені, кейін иесіз қалған үйлерге қызмет көрсетуге бірде-бір коммуналдық кәсіпорын шарт жасаспауы мүмкін. Бұл үйлерді су, жарық, газбен қамтамасыз етуге кедергісін тигізері сөзсіз.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

АУЛАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ...

Бүгінде көпқабатты үй аулаларының жағдайы әртүрлі. Бірінде көркейту жұмыстары жақсы жүргізілсе, екіншісінде тіршіліктің нышаны білінбейді. Мүлгіген тыныштықты байқайсыз. Тіпті, кейбір үйлердің балалар алаңшасы көліктердің автотұрағына айналған.



Ал Алмалы ауданында бұл жұмыс жүйелі жолға қойылған. Аулалардағы ескірген жабдықтар ауыстырылып, жарамсыз деп танылған аймақтар қайтадан күрделі жөндеуден өтіп, жаңғыртылып жатыр. Өйткені, олар жайлы демалыс заманауи жабдықтармен қамтылған аулада қалыптасатынын жақсы біледі.

Күні кеше аудандағы үш ауланың күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, ел игілігі үшін пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Мақтаев көшесі, 130, Бөгенбай батыр көшесі, 256 және Райымбек даңғылы, 158 аулалары күрделі жөндеуден өтті. «Біткен іске сыншы көп» екені белгілі. Осыны ескерген Алмалы ауданының әкімі аудан тұрғындарымен, депутаттарымен және қоғам қайраткерлерімен бірлесіп, жаңартылған аула аумақтарын аралап көрді. Абаттандыру қағидаларына сәйкес және тұрғындардың пікірін ескере отырып, объектілерде жолдың жүру бөліктері мен тұрақ орындарын асфальттау бойынша жұмыстар жүргізілген. Балалар алаңдары абаттандырылып, тротуарлар, қоршаулар, орындықтар,

урналар, спорт, футбол және баскетбол алаңдары жаңартылған.

Сонымен қатар, аулаларда көше жарығы жаңартылған (LED шамдарын ауыстыра отырып, жаңа жарықтандыру тіректері орнатылды) және ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары жүргізілген. Ауланың аумағына қара топырақ әкелінді және жол белгілері қойылып, балалардың белсенділігін қамтамасыз ету үшін резеңке жабындыларды төсеу жұмыстары жүргізіліпті. Ауланы аймақтарға бөлу кезінде барлық жас санаттары ескеріліпті: балалар, жасөспірімдер және ересектер болып бөлінген аймақтарда балалар енді емін-еркін ойнайтын болады.

Жауапты сала мамандарының айтуларына, 2023 жылдың соңына дейін мердігерлік ұйымдар ауданның тағы 13 ауласына күрделі жөндеу жүргізуі тиіс.

Тұрғындарды толғандыратын мәселелердің бірі – аула аумақтарын абаттандыру болып табылады. Сондықтан олардың жайлы және қолайлы тұруы үшін жүргізілген жұмыстардың сапасы аудан әкімдігінің ерекше бақылауында.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Әлеуметтік желіде Алматы қаласының әкімдігінен Офицерлер үйінің жанында ондаған жылдар бойы төселіп жатқан тас төсеніштерді неге бұзып жатқаны туралы түсініктеме беруін сұраған қала тұрғынының бейнежазбасы тараған болатын.

Аталмыш ғимарат Медеу ауданының аумағына қарасты болғандықтан Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин ресми жауап берді. Оның айтуынша, Офицерлер үйінің жөндеуіне және плиткалардың алынып тасталуына Алматы әкімдігінің ешқандай қатысы жоқ.

– Мен 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақтың шығыс жағында орналасқан Офицерлер үйі ғимаратының алдындағы бөлшектелген плиталарға қатысты әлеуметтік желілердегі видеоларға түсінік бергім келеді.

ПЛИТКАЛАР ҚАЙТА ТӨСЕЛЕДІ



Айта кетерлігі, Алматы әкімдігі бұл ғимараттың теңгерім ұстаушысы емес, ол Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымның меншігінде. Тіпті, әкімдік жүріп жатқан жұмыстарға тапсырыс беруші де емес, – деді Еркебұлан Оразалин.

Аудан әкімінің айтуынша, жөндеу жұмыстары аяқталған соң плиткаларды орнына қайта төсеу жоспарланған.

«Плиткалардың жасыл аймаққа ұқыпсыз қойылуына байланысты бүгін мердігерлік ұйымға әкімшілік айыппұл салынды. Енді

оны жаяу жүргіншілер бөлігіне мұқият ауыстырып, алдағы күндері қайта төсеуге кіріседі. Барлық алматылықтарға айтарым, мұндай бейнеундеулерді жарияламас бұрын, жүріп жатқан жұмыстар туралы шынайы ақпарат алу үшін әкімдікке хабарласуды сұраймын», – деді Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин.

Айта кетейік, қазіргі уақытта Офицерлер үйі ғимаратының шатырына және жертөлесіне (жалпы алаңы – 5,5 мың шаршы метр) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚОЗҒАЛЫС СХЕМАСЫ ӨЗГЕРЕДІ



Қазір қалада жол жөндеуге байланысты қауырт жұмыс жүріп жатыр. Осыған байланысты кейбір қоғамдық көлік бағыттарының қозғалыс схемасына уақытша өзгерістер енгізіліп отыр. Халық игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарға алматылықтар түсіністікпен қарайды деген үміттеміз. Нақты қандай маршруттар екені туралы ақпаратты «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан оқысаңыздар болады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

Career day

бос орындар жәрмеңкесі

Алматының 8 ауданында жастарды жұмысқа орналастыру мақсатында Career day кәсіптік бағдар беру фестивалі өтіп, оған 26 мыңнан астам қыз-жігіт қатысты. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілдері мен қалалық Мансап орталығының мамандары кеңірек айтып берді.

**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

«Бұл ауқымды іс-шараға 26 мыңнан астам жас (жұмыссыз жүрген, ЖОО-ның, колледж және мектеп түлектері арасынан) қамтылды. Соның аясында кәсіби тағылымдамадан өтуге 3800 адам және одан әрі жұмысқа орналасуға 4900 адам шақырылды. Career Day бос жұмыс орындары жәрмеңкесі шеңберінде қаланың үздік спикерлері түрлі шеберлік сағаттарын өткізді», – деді қалалық мансап орталығының өкілі Асқар Азаматов.

Career Day жәрмеңкесіне барлығы 850 ірі компания қатысты, олар 10 мыңнан астам бос жұмыс орнын ұсынды. Сонымен қатар, 35 ЖОО мен 83-тен астам колледж, спикерлер және кәсіби бағдарланған мамандар қатысты.

«NEET жастарының жұмыспен қамтылуын күн тәртібінен түсірмеу және қоғамда олардың санын азайту – қаланың жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі. Себебі, жастарды дамытуды қолдау жөніндегі Жол картасының негізгі индикаторы – жыл сайын 10 мың жасты жұмысқа орналастыру», – дейді Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек.

Спикер атап өткендей, Жастар саясаты басқармасы Цифрландыру басқармасымен бірлесіп «Jobfair 365» тегін цифрлық платформасының тест нұсқасын іске қосты.

«Платформаның негізгі міндеті – жастар арасынан жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді біріктіру, сондай-ақ артық әкімшілік кедергілерді болдырмау. Бұл тәсілді жасау туралы бастаманы жоғары оқу орындарының мансап орталықтарының басшылары көтерген бо-



латын. Бүгінде Қазақстан Республикасының 20 өңірінен 500 жұмыс беруші тіркелген, олар аталған платформаға 1500 бос жұмыс орнын орналастырды, оның ішінде ең сұранысқа ие болғаны: көлік және логистика саласы бойынша 257 бос орын және өндіріс пен ауыл шаруашылығы саласынан – 222 орын», – деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар, басқарма тарапынан жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресу мақсатында 4 өзекті мамандық бойынша, атап айтсақ, қызмет көрсету саласы, IT-мамандықтар бойынша, колөнер

және soft skills бойынша жастарға арналған қысқа мерзімді курстар іске қосылды.

«Жаңа дағдыларды игеру жастарға перспективалы және қызықты мамандықты таңдауға, жұмыс табуға, қоғамдағы тәуелсіз, еркін өмірге бейімделуге және өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні 3850 жас 14 курс бойынша оқып шықты», – дейді Әзиз Қажденбек.

Жастар басқармасының мәліметінше, Алматыда 14-35 жас аралығындағы 682 мың жас (қала тұрғындары жалпы санының 32%-ы) тұрады. Қаланың 35 жоғары оқу

орны мен 83 колледжінде 255 мыңнан астам студент оқиды. Биыл ЖОО-дарын 42 мыңға жуық, ал колледждерді 20 мыңға тақау студент бітірді. Осы ретте айта кетсек, өткен жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, түлектердің 80%-ы Алматыдан жұмыс табуға, осынан өсіп-өркендеуге тырысады. Бірақ бітіргеннен кейінгі бірінші жыл ішінде 10 мыңға жуығы жұмыссыздар қатарында болады. Биылғы I тоқсанда NEET санатындағы жастардың үлесі жастардың жалпы санының 8,3%-ын (53 мыңнан асады) құрап отыр.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Шаһарда қай көшелер уақытша жабылады?

Қалада жолдарды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Жұмыстардың аяқталуы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі биыл 86%-дан 89%-ына дейін ұлғаяды. Осы аптада Абай және әл-Фараби даңғылдарының кейбір учаскелерінде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Айта кетерлігі, жұмыстар қолайлы жағдайларда және дайындық жұмыстарына байланысты жүргізіледі.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Абай даңғылы бойынша: Мәселен, қолайлы ауа райы жағдайында 13 шілде сағат 22.00-ден 15 шілде сағат 07.00-ге дейін Абай даңғылының шығыс бағытында Розыбакиев көшесінен Әуезов көшесіне дейін асфальтбетон төсеу үшін қозғалыс толығымен жабылады. Айналма жол Брусиловский, Тұрғыт Озал, Мыңбаев, Жамбыл, Сәтбаев, Жандосов, Манас, Байзақов көшелерімен қамтамасыз етіледі. Ескерту: қолайлы ауа райы жағдайында.

Әл-Фараби даңғылы бойынша: Қолайлы ауа райы жағдайында асфальтбетон жабынының төселуіне байланысты 15 шілдеде сағат 22.00-ден 17 шілде сағат 07.00-ге дейін Есентай өзені арқылы өтетін көпірден Батыс Желтоқсан көшесіне дейінгі учаскеде әл-Фараби даңғылы бойымен қозғалыс жабылады. Айналма жол Қаппаров, Жа-

мақаев және Сейфуллин даңғылдары бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, 13 шілдеде таңғы сағат 06.00-ден бастап Жароков көшесінен Жақсылық Үшкөмпіров көшесіне дейінгі учаскеде әл-Фараби даңғылының бойымен қозғалыс ашылатынын хабарлаймыз. Мұнда полимерасфальтбетонды пайдаланып орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Бұл полимерлер жолға және жарыққа, битумды жууға төзімділікті арттырады, сонымен қатар жол төсемінің қызмет ету мерзімін ұзартады, асфальтбетон төсемінің беріктігі мен аязға төзімділігін арттырады.

Еске салсақ, бұған дейін Абай даңғылында Достық даңғылынан Назарбаев даңғылына дейін, Тілендиевтен Розыбакиевке дейін, әл-Фараби даңғылында Торайғыров көшесіндегі жолайрығынан Жароков көшесіне дейін жөндеу жұмыстары аяқталған болатын. Жол жөндеу 2023 жылға жоспарланған жұмыстар аясында жүргізілуде.

РЕКОНСТРУКЦИЯ

ЕСЕНТАЙ КӨПІРІ СЕГІЗ ЖОЛАҚҚА КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Алматыда әл-Фараби даңғылы бойындағы Есентай өзеніндегі көпірдің апатты жағдайына байланысты реконструкциялау жалғасуда. Сондай-ақ, осы учаскеде полимерлі асфальтбетон төселуде, бұл жол жабынына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан басқа магистральды көшелердегідей қабыршақтар мен ойықтарды болдырмайды.



Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаевтың айтуынша, бұрын әл-Фараби көпірінде кептелістер жиі болатын. Сондықтан реконструкциялау аясында онда қозғалыс жолақтарының саны алтыдан сегізге дейін: екі бағытта төртке дейін ұлғайтылатын болады. Бұған жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге арналған жеке көпір құрылымдарын салу арқылы қол жеткізуге болады. Реконструкцияға дейін жаяу жүргіншілер өткелі негізгі

көпір құрылысы арқылы ұйымдас-тырылды. Бұл ретте әл-Фараби даңғылындағы қозғалыс жылдамдығы 80 км/сағ екені ескерілді.

«Қайта жарақтауды бастамас бұрын, былтыр сауалнама жүргізілген болатын. Бұл көпір құрылысының апатты жағдайда екенін көрсетті. Биыл оқу маусымы аяқталғаннан кейін біз реконструкцияны бастадық. Қаладағы барлық басқа жол жөндеу жұмыстары сияқты біз оны 1 қыркүйекке дейін аяқтауды жоспарлаудамыз. Көпір

құрылысын реконструкциялау үш кезеңде жүзеге асырылады: қазір тегістеу жұмыстары жүргізілуде, содан кейін гидроизоляцияланады, содан кейін асфальт жабыны төселеді.

Көпірде барлығы 96 дінгек бар. Бүгінде оның 27-сі ауыстырылды. Осы аптаның соңында біз монтаждау жұмысы жүргізілген учаскеде көлік қозғалысын ашамыз», – деді Сағындық Телібаев.

А.ҚЫДЫР.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ

АБАЙ ДАҒҒЫЛЫН ҰЗАРТУ ТАЯУДА АЯҚТАЛАДЫ

Алматы әкімдігі қала көшелеріне ауқымды жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты көлік қозғалысының шектелу себебін түсіндірді.

**Айнабай
МӘДИ**

Шаһар көшелеріндегі жөндеу жұмыстары құдды, балқыту цехындағыдай қарқын алуда. Асфальтбетон қоспасы 150–160 градус температурада төселеді. Салқындату үшін де уақыт қажет, бұл мерзім орта есеппен алғанда, 36 сағат. Әдеттегідей ұзағырақ болуының өзіндік себебі бар. Алматыда алғаш рет жолдарды жөндеу кезінде орталық көшелерде полимерлер қолда-

нылады. Сонымен, максималды көлік жүктемесі енді магистральдарда ұзақ пайдаланылатын болады.

«Нормативтік талапқа сай, біз асфальтбетон 40 градустан төмен салқындаған жағдайда қозғалысты бастай аламыз. Осы кезде асфальтбетон жабынының қаңқасы қалыптасып, өзінің беріктігін сақтайды, еш ақау болмайды», – деген Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаевтың сөзінің жаны бар.

Жөндеуді 10 жылдан астам күткен екі негізгі көлік артериясы бір уақытта ретке келтіріледі: бордюр қашалады, тротуар орнатылады, жол жабыны өзгереді. Жол төсемі жаңартылып, пайда болған ойық пен шұңқырлар жөнделеді.

Екі даңғыл: әл-Фараби мен Абай даңғылдарының сұраныс дең-

гейі жұмыс жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді. Нысандарға 2 мердігер ұйым тартылған. Мұндай учаскелердің ұзындығы 7-9 шақырым. Ауқымына қарамастан, магистральдық көшелердегі барлық жол-жөндеу жұмыстары оқу жылы басталғанға дейін аяқталады. Бұрынырақта жөнделген магистральдық көшелерге 8–10 жылдан соң ғана жөндеу жұмысы жасалады.

Абай даңғылын қала шекарасына дейін ұзарту жұмысы аяқталуға жақын. «Бүгінде біз екі учаскені бітірдік. Қала жағынан жасалатын үшінші учаскенің ұзындығы – 600 метр. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттамаға түзету жүргізілуде. Содан кейін біз тендер жариялаймыз, бір жыл ішінде жұмысты аяқтаймыз деп ойлаймын», – деді басқарма басшысы Сағындық Телібаев.



САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК

АҚШ Ресейдің уран экспортын шектемек

Қазақстанға жол ашылады

Америкалық заң шығарушылар Ресейден кіретін уран импортына шектеу қоятын заң жобасын дайындап шықты. Анығырақ айтсақ, «Ресейлік уран импортына тыйым салу туралы» заңға қатаң өзгерістер енгізді. Онда «Ресей Федерациясында өндірілген сәулеленбеген төмен байытылған уранды, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, Америка Құрама Штаттарына импорттауға болмайды» деген мәтіндер қосылған. Ірі ақпарат құралдарының болжауынша, аталмыш заң жобасы кедергісіз қабылдануы мүмкін. Демек, бұл Қазақстанның уран экспортын арттыруға жаңа мүмкіндік береді.

Америка Құрама Штаттарының энергетика саласы уран импортына көбірек сүйенеді. Қазақстан бұл кең нарыққа онсыз да көшбасшы орында, яғни жалпы импорт көлемінің 35 пайызын иелейміз. АҚШ-қа уран жеткізуші негізгі елдер арасында Канада мен Ресейді қосса да Қазақстанның иеленген көлемін толтыра алмайды (Ресей 14 пайызды, Канада 15 пайызды ұстайды, 2021 жыл бойынша Reuters мәліметі).


Державалардың қайшылықты қарым-қатынасы бізге жаңа сын-қатерлер ғана емес, тиімді орайларды да беретінін бұған дейін де айтып келеміз. Бұл да соның бір мысалы секілді. Егер Ресейдің импорты шектеуге ұшырайтын болса, Қазақстан АҚШ нарығындағы шартсыз әрі баламасыз көшбасшыға айналуы мүмкін.

Бұл өз кезегінде Қазақстанның жалпы уран экспортының артуына да әсер етеді. АҚШ конгресмендері бұл заң жобасын елдің энергетика саласы бойынша сыртқы импортқа тәуелділігін азайту үшін жасап жатқанын айтады. Алайда, түптеп келгенде державалардың арасындағы текетіреске қатысты екені түсінікті. Украинаны белсенді қолдап отырған АҚШ саясаткерлері Ресейдің уран экспортын да соғысты қаржыландырушы қаржы көзі ретінде қарастырып отыр.

Әлемдік көшбасшы сала

Қазақстан уран қоры жағынан екінші орында болса да, өндірісі жағынан жаһандық көшбасшы. Еліміздегі уран қорының жалпы көлемі 907 мың

Қазақстанның уран экспорты әлемдік көшбасшыға айналуы мүмкін. Державалар арасындағы текетірес бізге осындай мүмкіндік беріп тұр. АҚШ Конгресі жаңа заң қабылдап, Ресейдің уран экспортына шектеу қоюға тырысып жатыр. Егер Ресейге қарсы энергетикалық санкциялар немесе эмбарголар жүзеге асатын болса, бұл Қазақстанның уран өнеркәсібіне үлкен жеңіс алып келмек.



тонна, бұл әлемдік қордың 15 пайызына тең. 2009 жылдан бастап табиғи уран өндіру бойынша көшбасшылық орынды бермей келеді. Атом электр станцияларына арналған ядролық отын өндіретін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ өз саласы бойынша әлемдегі 10 ірі компанияның бірі саналады. Жалпы, әлемдік өндірістің 85 пайызы осы компанияларға тиесілі.

2012 жылдан бері қарай еліміздегі уран өндірісі қарқынын сақтап тұрған. Жылына шамамен 20 мың тоннаға дейін уран өндіреді және өнім толықтай экспортқа шығарылады. 2016 жылы тіпті рекордтық деңгейде 24 мың тоннадан аса уран өндіріп, экспорттаған. Ресми мәліметтерге сай, әлем елдерінің ядролық отын эспортында Қазақстан жыл сайын 40 пайыз шамасын ұстайды. Қазақстанның уран экспорты негізінен Ресей, Қытай, Үндістан, Оңтүстік Корея, ЕО және АҚШ-қа бағытталады.

Мүдде қайшылығы арасындағы отандық өндіріс

Көзқаракты жұртқа мәлім, Қазақстан уран байытып, ядролық сұйық отын дайындау технологиясына әлі не болмады. Экспорты жоғары деңгейде болғанымен, оның бәрі дерлік өңделмеген өнім. Тіпті, «Қазатомөнеркәсіп»-тің уранды аффинаждау және конверсиялау бойынша CAMSCO технологияларын қолдана бастағанына 3 жыл ғана болды. Соған қарамастан, уранды өндіруші және сенімді жеткізуші ел ретінде халықаралық беделін нық ұстап тұруға бар күшін салып келеді. Ал еліміз ұсынған «Уран банкі» жобасы әлемдегі ядролық отын қажеттілігі үшін аса маңызды. Бірақ уран өндіру мен экспорттау бойынша солтүстік көршімізбен кейбір мүдделік қайшылыққа тап келгеніміз бар. Тұрасын айтқанда, Қазақстанның уран өнеркәсібінің дербес дамып кетуін қаламайды. Біз өңделмеген уранды Ресейге шығарып, сол елдің уран байыту жобаларына қатысумен шектеліп отырмыз.

Біз Батыстағы ірі алармандарға уран жеткізуде Транс-Каспий немесе «Орта дәліз» бағыттарына бейімделе бастадық. Тек бұл салада ғана емес, жалпы әлемдік нарыққа Ресейсіз шығу үшін Қазақстан «Орта дәлізге» көбірек ставка қойып отырғаны мәлім. Әрине, ресми мәліметтерде Құрама Штаттарға да осы бағытпен уран жеткізіліп жатқаны жайында мәлімет жоқ. Бірақ АҚШ-тың бізде өндірілген уранға қызығушылығы артқаны сөзсіз.

Украинадағы соғыстан кейін де Қазақстан уран өндірісі бойынша өзге шетелдік серік-тестерімен байланысты күшейтіп келеді.

Айталық, 2022 жылы қазанда АҚШ Ұлттық ядролық қауіпсіздік басқармасының (NNSA) меңгерушісі Джил Хруби мен орынбасары Фрэнк Роуз Қазақстанға сапарлай келген. Ал сәуірде Халықаралық атом энергиясы агенттігінің (МАГАТЭ) бас директоры Рафаэль Мариано Гросси Қазақстанға сапарлап келді.

Қандай проблемалар тұр?

Шиеленіс, соғыс және Батыстың Ресейге бағыттаған шектеу шаралары уран нарығын өзімізге бұрудың мүмкіндігін ашуда. АҚШ Конгресі талқылаған жаңа заң Ресейде өндірілетін төмен байытылған уранды импорттауға тыйым салмақ. Алдағы уақытта АҚШ-пен қатар Еуропа да Ресейдің уранына тәуелділіктен арылу ұстанымын сақтап қалатын болса, Қазақстан үшін кең айдыңға құлаш сермеуге мүмкіндік туады.

Дегенмен, оның өзіндік проблемалары да бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әлемдік нарыққа Ресейсіз шығу мәселесі өзекті. Оның үстіне, АҚШ-тың нақты сұранысын анықтау мен оған жеткізуде логистикалық қиындықтар бар. «Қазатомөнеркәсіп» экспортын арттыру үшін Астананың басты міндеті – инфрақұрылымды дамыту және сенімді экономикалық дәлізді құрып шығу дер едік.

Қазіргі жаһандық және өңірлік геосаяси жағдайдан қарастырғанда, Қазақстан сауда-экономикалық қарым-қатынастарда Ресеймен мәмілені орнықты ұстау тиімді. Бұнымен қатар Еуропалық, өзге әлемдік нарыққа балама жолдар іздеуді белсенді жалғастыру да керек. Болашақтың энергия қайнары ретінде уран өндірісінің маңызы алдағы уақытта тіпті де арта түсуі мүмкін.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ЕУРОПАҒА ЖОЛ:

ЕРДОҒАН ШВЕЦИЯНЫҢ НАТО-ҒА ҚОСЫЛУЫН ҚОЛДАДЫ

10 шілдеде НАТО бас хатшысы Йенс Столтенберг күтпеген жерден мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, Түркия президенті Реджеп Ердоған Швецияның НАТО-ға кіруіне келісім берген. Бас хатшы мұны одақты күшейтетін тарихи қадам деп. Есесіне, Анкара келіссөздер кезінде ЕО-қа кіру туралы шарт қойды.

Швецияның әскери одаққа кіруіне ұзақ қарсы болған Түркияның бұл шешімінің астарында пайданы көздеген саясат қана жатыр. Соңғы өткен президент сайлауы, оған дейінгі алапат жер сілкінісі мен экономикалық дағдарыс Ердоғанды ешкім күтпеген қадамдар жасауға мәжбүр етуде.

Батыс басылымдары Анкараның бұл шешімін батысқа бетбұрыс деп мәлімдеуде. Тіпті, Ресейден алыстауы да мүмкін дейді сарапшылар. Алайда, мәселенің байыбына бармай жатып байбалам салудың қажеті жоқ. Себебі, саясаткер бір нәрсені ойлайды, келесі нәрсені айтады, ал ісі мүлдем басқа. Үлкен саясатта стратегиялық мақсатыңа жету үшін тактикалық шегініс жасауыңа тура келеді. Ал Ердоғанның басты мақсаты – елде өз билігін нығайту. Сондықтан да ол осы президенттік мерзімінде бар күшін ішкі мәселелерді шешуге жұмылдырады.

Анкара Еуропадан пана іздеуге мәжбүр

Мамырда Түркияда кезекті президент сайлауы өтті. Сайлауда Ердоған жеңіске жетті. Алайда, саяси додада айқын басымдық болған жоқ. Екі турда қарсыласынан сәл ғана басымдықпен жеңді. Ал енді бізде саяси алпауыт кейпінде көрінетін Ердоғанның беделінен түсуіне не себеп болды деген сұрақ туындайды. Оған бірнеше себеп бар.

Соңғы уақытта елдің экономикасы құлдырады. Биыл наурызда өткен жылмен салыстырғанда түрік лирасы 50%-ға құлдырады. Әрине, бұл ресми ақпарат. Ал ENAG тәуелсіз зерттеуі елдегі инфляция 116% деген. Өткен жылы бұл көрсеткіш 65%-ды құраған. Ресми мәлімдемеге дейін тәуелсіз сарапшылар инфляцияның 66–80% аралығында болатынын болжаған. Ал статистика институты қарашада 85% болуы мүмкін деп болжаған. Ал жалпы алғанда түрік лирасы соңғы жылдары құнсыздануда. Мысалы, 2014 жылы 1 еуро 2,9 лира болса, биыл 29 лираға дейін өскен.



Елде азық-түліктің бағасы шарықтап тұр. Республиканың статистика институты өткен жылы азық-түлік пен алкогольсіз сусындардың бағасы 78%-ға өсті деп мәлімдеген. Алайда, ең жоғары инфляция тұрғын-үй құрылысы саласында тіркелген. Мұнда 80%-ға дейін түрік лирасы құлдыраған.

Елдің экономикалық қуатына сырттан келетін инвестиция әсер етеді. Жаһандану заманында байығанды қалайтын ел оқшаулану экономикалық саясатын ұстана алмайды. Сондықтан Үкімет әрқашан мемлекетке инвестиция тартуға білек сыбана жұмыс істеуі тиіс. Ал бұл жағынан қарайтын болсақ, Түркияның жағдайы күрделі.

Әлемдік банк елге тікелей келетін инвестицияның көлемін зерттейді. Сол зерттеудің нәтижесінде мемлекеттердің рейтингісін жасайды. Ал банктің 2020 жылғы баяндамасындағы Түркияның жағдайы мынадай.

Инфляциядан бөлек, биылғы зілзала Ердоғанның саяси беделіне ауыр соққы берді. Зілзаланы Нассим Талебтің тілімен айтқанда «қара аққу» деуге болады. Жығылғанға жұдырық болған табиғи апаттан 50 мыңнан астам адам мерт болды. Ол 100 жылда бір рет болатын ең жойқын табиғи апат ретінде тіркелді. Соңғы рет мұндай жағдай 1939 жылы Ерзинжанда болып еді.

Бұл жолы табиғаттың өзі елдің жасырын мәселелерін жарыққа шығарды. Халықтың тұрғын үйлердің сапасына қатысты сыны көбейді. Ердоған билігі жағдайды тез арада реттеуі керек еді. Солай да болды. Елде жаппай тұрғын үй

құрылыс компаниялары басшылары үстінен қылмыстық іс қозғала бастады. Ішкі істер министрлігі 300-ге жуық компания басшысы қамауға алынғаны туралы мәлімдеді. Алайда, тек қылмыстық іспен жағдай реттелмейді.

Тұрғын үй саласындағы дағдарыстың белгілері баяғыда көрінген. Мысалы, 2022 жылы ең жоғары инфляция осы салада тіркелген. Ол рекордтық 80%-ға жеткен. Ал ондағы жемқорлық өз алдына бөлек мәселе.

Түркия Брюссель мен Мәскеу арасында теңдік ұстауға тырысады

Елді дағдарыстан шығарып, өзінің саяси беделін арттыру үшін Ердоғанға ақылға қонбайтын шешімдер керек. Ол әсіресе сыртқы саясатқа қатысты. Енді біздің болжамымыз бойынша Ердоған Еуропалық Одаққа қатысты сынды азайтады. Осы уақытқа дейін айтып келген мұсылмандарды қорғау, дәстүрлі емес жынысты сынау сияқты мәлімдемелеріне шектеу қояды. Себебі оған қазір сырттан келетін инвестиция ауадай қажет. Ал инвестицияны ЕО бере алады. Швецияны НАТО-ға қосуға келісімінің астарында осы себеп жатыр. Ал Түркияны одаққа қосу бос мәлімдеме. Себебі, Анкара одаққа қосу үшін керек талаптарды орындай алмайтыны айқын. Брюссель демократиялық институттар орнықтаған, әрі заңның үстемдігін қамтамасыз ете алмайтын мемлекетті өз қатарына қосуға мүдделі емес. Әрі Ресеймен арадағы қарым-қатынастағы дағдарыста Анкара өздері қалағандай әрекет етпейді.

Анкара Мәскеуден де алыстап кете алмайды. Екі елдің тауар айналымы жоғары деңгейде. Өткен жылғы көрсеткіш 50 млрд АҚШ долларына жетті. Сондықтан екеуі де бір-бірімен сауда жасауға мүдделі. Әрі Ердоған экономикадағы дағдарыс кезінде ірі сауда әріптесімен даудан алшақ болмақ.

Алайда, президенттік мерзімінің соңғы 1-2 жылында саяси риторикасын қайтадан өзгертуі мүмкін. Оның әрекеті билікке қалғысы келсін-келмесін өзгереді. Бірінші сценарий бойынша ол президент болуға тағы ұмтылады. Ал екінші сценарий бойынша билік транзитіне, яғни постердоған кезеңіне дайындалады.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ТАЛБЕСІК

«Мың шыбық шанышп өсірсең – халқыңа орман салғаның, халқыңа орман салғаның – өзіңе қорған салғаның». Ел ішінде ықылым заманнан айтылып келе жатқан осы мақал бүгінгі интернеті дамыған, озық техникамен жабдықталған адамзат үшін өміршеңдігін жоғалтқан жоқ. Табиғат қорғауды мамандық ретінде таңдаған орманшылар үшін осы мақал өмірлік қағида десек те болады. Оған дәлел – еліміздің ең үлкен қаласы Алматыны қоршай орналасқан Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің орманшы қауымы орман өсірумен қатар, орманды өрттен, орман аурулары мен зиянкестерден қорғап-сақтауды негізгі міндеті деп санайды.

1996 жылы құрылған ұлттық парктің жалпы ауданы 200 160 га құрайды, оның ішінде орманды алқап 77 787 га, орманмен көмкерілген 69 956 га; ормансыз алқап – 122 373 га. Аумағы Алматы облысының Қарасай, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының 3 әкімшілік ауданында, сондай-ақ Алматы қаласының Бостандық, Медеу әкімшілік аудандарында орналасқан.

Іле Алатауы ұлттық паркі Ақсай, Медеу, Талғар, Түрген филиалдарынан және аумағы 542,4 мың гектарды құрайтын Алматы мемлекеттік табиғи кешенді қаумалдан тұрады.

Орманды өрттен қорғау жұмыстары көктем айында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығынан басталады. Осы бұйрық негізінде ұлттық парк бойынша орманшылар дайындық жұмыстарын бастап кетті.

Орманшылықтарда ақпан-наурыз аралығында өрт қаупіне дайындық айлығы өткізілуі міндеттелді. Өрттің алдын алу іс-шаралары, өрт қауіпті маусым аралығында атқарылатын іс-шаралары айқындалып бекітілді және мемлекеттік инспекторлар 36 сағаттық оқыту бағдарламасын өтті.

Ұлттық парктің орналасқан жерінде өрттің пайда болу ықтималдығы өте жоғары, саябақтың орташа қауіптілік класы 3,0 құрайды.

Туындаған орман өрттерін және басқа да техногендік факторларды уақытылы жою мақсатында төтенше жағдайда жауынгерлік әзірлікте болатын топ құрылған. Топ өрт сөндіру құралдарымен, арнайы киіммен жабдықталған.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы таулы, орман және таулы-орман өрттерін жою үшін Алматы облыстық және Алматы қалалық төтенше жағдайлар департаменттерімен 2023 жылға бірлескен іс-қимыл жасау жоспарлары бекітілген. Сонымен қатар, ұлттық парк филиалдарымен Алматы облысының Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Алматы қаласының Бостандық, Медеу аудандарының төтенше жағдай басқармалары арасында өртке қарсы іс-шаралардың жедел жоспарлары және орман өрттері туындаған жағдайда өзара іс-қимыл жоспарлары да бекітілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында орманды өрттен қорғау және табиғатты қорғау заңнамасын сақтау туралы өртке қарсы насихат мәселелері үнемі жарияланып отырады.

2023 жылдың өрт қауіпті маусымына төмендегідей өрттің алдын алу шаралары жоспарланып орындалуда: өртке қарсы 228 шақырым жолды жөндеу жоспарланып, оның 76 шақы-



рымы орындалды; өртке қарсы 78 шақырым жолақтардың шөбін шабу жұмыстары жүргізілді; 100 дана аншлағтар жасаланды; 88 дана ескертулер, міндеттемелер және 10500 дана үнбеттер таратылды. Демалушылар және туристер арасында өртке қарсы 720 рет үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Теледидардан өрт қауіпсіздігі тақырыбында 4 хабар көрсетілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 3 мақала жарияланды.

2023 жылдың өрт қаупі бар маусымына ұлттық парктің уақытша 4 өрт сөндіру станциясы дайындық жағдайына келтірілді. Өрт сөндіру станцияларында 4 арнайы өрт сөндіру автокөлігі, құрал-саймандар жинақталған: 96 су бүрікіш (РЛЮ), 5 мотопомпа, 1690 шартылдақ, 154 балта, 4 бензинді ара, 390 күрек, 85 саперлық күрек, 60 фляжка, 42 фонарь, 55 лом, 83 құм салатын жәшік, 39 қол арасы, 121 шелек, 61 өрт сөндіргіш (огнетушитель), 31 респиратор, 50 каска бар.

Барлығы 22 өрт бақылау мұнараларына жөндеу жұмыстары жүргізілді, 21 вертолет алаңқайлары жаңартылды. Ұлттық парк бойынша мемлекеттік инспекторлар 131 қызметтік атпен қамтамасыз етілген. Жанар-жағар майдың өрт сөндіру мақсатына резервтік қоры құрылды: 2 т дизельді отын, 3 т бензин.

Орман қоры жерлерінде өрттің алдын алу мақсатында және ұлттық парктің мемлекеттік инспекторларының өрт сөндірудегі даярлық деңгейін көтеру мақсатында 2023 жылдың 30 мамырында Алматы облысы, Қарасай аудандық төтенше жағдайлар департаментімен бірлескен орман өртін сөндіру және жою мақсатында оқу жаттығу іс-шарасы өткізілді.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 6 маусымында «Іле Ала-

тауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» және Алматы қаласы төтенше жағдайлар департаменті, Алматы қаласы құтқару қызметі, «Қазавиаорманқорғау» ММ, «Қазавиақұтқару» АҚ, Алматы қаласының қоғамдық денсаулық басқармасы, Алматы қаласының табиғат қорғау полиция бөлімдерімен бірлескен «Алау–2023» табиғи өртті сөндіру бойынша оқу-жаттығу өткізілді.

Бүгінгі күні ұлттық парк аумағында орман алқаптарын өрттен қорғау және өрт қауіпсіздігін күшейту мақсатында кезекшілік кестесі жасалды. Сонымен қатар, ұлттық парк қызметкерлері, Алматы қаласының Бостандық және Медеу аудандары төтенше жағдай департаменті және табиғат қорғау полициясы қызметкерлерімен бірлескен рейдтер, демалушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Рейдтертің жүргізілу барысы туралы «Евразия», «Қазақстан-1», «СТВ» телеканалдарына сұхбат берілді. Атырылған жұмыстар толық көлемде әлеуметтік желіде жарияланды. Рейд барысында өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін 7 заң бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 1 207 500 теңге айыппұл салынды.

2023 жылдың өрт қауіпті маусымының басынан бері ормандағы өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін 17 заң бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 3 277 500 теңге айыппұл салынды.

Орманды өрттен қорғау бойынша жұмыстар алдағы күндері жалғасын таба береді.

Д.ИСАБЕКОВ,

«Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-сі бас директорының орынбасары.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

қолдауға аса мұқтаж топтардың мүддесін қорғайды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бәрімізге белгілі, биылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі күшіне енді. Қазақстанның Әлеуметтік кодексі ТМД кеңістігінде тәжірибеге енгізілген алғашқы тұтас әлеуметтік құжат деп атауға болады.

Аталған кодекс адамның бүкіл өмірлік циклін қамтиды және туғаннан бастап, еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда, өмірлік қиын жағдайлар туындаған кезде, қартайған кезде және т.б. әлеуметтік қолдауға кепілдік береді.

Халықтың осал санаттарының бірі – мүмкіндігі шектеулі адамдар. Олар үшін ең бастысы, әрине, олардың әлеуметтік қамсыздандырылуы. Бүгінгі күні азаматтардың осы санаты үшін көп деңгейлі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі құрылды. Олар қазір төлемдерді үш дерек көзден алады: мүгедектік бойынша мемлекеттік базалық жәрдемақы – бюджеттен; әлеуметтік төлемдер – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСК); сақтандыру компанияларынан – сақтандыру төлемдері.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылғы 1 шілдеден бастап республикалық бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін төлемдер мөлшері 14,5%-ға артты. Жыл басындағы жәрдемақы мөлшерінің 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жиынтығында 2022 жылмен салыстырғанда жылдық мәнде төлемдер мөлшері 23%-ға ұлғайды.

Республикалық бюджетпен 2023 жылға арналған ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) шамасы 40 567 теңге мөлшерінде белгіленген.

Әлеуметтік кодексдің 177-бабына сәйкес мүгедектігі



бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2023 жылғы 1 шілдеден бастап: жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,61 шамасы – 65 313 теңге; бірінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 2,2 ЕТКД – 89 248 теңге; екінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 1,83 ЕТКД – 74 238 теңге; үшінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 1,61 ЕТКД – 65 313 теңге; бірінші топтағы бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға – 2,2 ЕТКД – 89 248 теңге; екінші топтағы бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға – 1,83 ЕТКД – 74 238 теңге; үшінші топтағы бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға – 1,61 ЕТКД – 65 313 теңге; жалпы аурудан, жұмыс кезінде мертігуінен немесе кәсіптік аурудан мүгедектігі бар адамдарға: 1-топ – 2,2 ЕТКД – 89 248 теңге; 2-топ – 1,76 ЕТКД – 71 398 теңге; 3-топ – 1,2 ЕТКД – 48 681 теңге.

Әскери қызметін атқару кезінде алған жарақаты, контузиясы, мертігуі, ауруы салдарынан мүгедектігі туындаған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектігі бар адамдарға; азаматтық немесе әскери мақсаттағы

ядролық нысандардағы апаттардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі апаттық жағдайлардың салдарынан мүгедектігі туындаған адамдарға; төтенше экологиялық жағдайлардың салдарынан, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар жүргізу кезіндегі радиациялық әсердің және/немесе олардың салдарынан мүгедек болған жағдайда: 1-топ – 3,22 ЕТКД – 130 626 теңге; 2-топ – 2,75 ЕТКД – 111 560 теңге; 3-топ – 2,31 ЕТКД – 93 710 теңге.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ризвангуль ДАРАЕВА,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің
Алматы қаласы бойынша департаменті
басшысының орынбасары:

Жәрдемақылар мөлшері көбейді

Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты – мүгедек азаматтар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру. Мысалы, мүгедек адамдарға қызмет көрсетуге олардың отбасы мүшелері барынша тартылатын болады. Бұл ретте олар жеке көмекшілер ретінде рәсімделеді. Олардың еңбегі төленеді, осы кірістерден зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылады. Осылайша жұмыспен қамтылмаған отбасы мүшелері еңбекке қабілетті жастағы кезеңде жұмыспен қамтамасыз етілетін және ықтимал әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік қорғалатын болады. Протездер мен компенсаторлық техникалық оңалту құралдарының стандарттары толығымен қайта қаралады. Ең бастысы, ұсынылған әрбір құрылғы, ол мүгедектер арбасы немесе есту аппараты болсын, сапалы және азаматтың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Сондай-ақ, жан басына шаққандағы норматив енгізу жоспарлануда. Қызметтер үшін – жеке норматив, ал компенсаторлық техникалық құралдар үшін – шекті бағалар.


Бұл өзгерістер, бір жағынан, қаражаттың немесе тауарлардың жекелеген түрлерін кезең-кезеңімен монетизациялауға әкеледі. Екінші жағынан, жеке секторды тарту арқылы арнайы әлеуметтік қызметтердің, әсіресе ауылдық елдімекендерде қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Шілде айынан бастап асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері де ұлғайтылды.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

АТАМАНДЫ
АУЫЗДЫҚТАҒАНАйтжан ТҮРКЕБАЕВ 24 жасында
қалаға басшылық жасады (1924–1927)

Бұл кісінің шаһарға басшылық етуі тарихи дерлік жағдаймен тұспалдап тұс келді десе де болады. Бұған дейін орыс отаршылдары қойған Верный атауын Алматы деп ауыстырды. 1921 жылы 5 ақпанда өткен жиында бұл шешім нақты күшіне енді. Сөйтіп, әзелден келе жатқан өзінің төл атауын иеленген Алматының алдынан жаңа арналар, кеңістіктер ашылып, бұл кісі басқарған үш жылда тұңғыш биік үйлер салу қолға алына бастады. Айтқандай, бұл кісінің қадамы құтты болды. Аз уақыттың ішінде іргелі істердің қолға алынуы Алматының Астана мәртебесін иеленуіне де мүмкіндік ашты.



Үкімет 1927 жылы еліміздің астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл істе жас та болса жалы биік, қайраткерлігімен ел деңгейінде зор істер атқарып, әбден шындалып, от пен судан өткен Түркебаевтың еңбегі ересен еді.

Айтжан Түркебаев небәрі 37 жыл өмір сүрді. Осынша қамшының сабындай қысқа ғұмырында ол бір емес, бірнеше адамның тағдырын басынан өткерген еді. Ел басқару ісіне өте ерте, буыны бекімей жатып араласқан ол Алматыға дейін Жаркент қаласы мен Талдықорған өңірінде басшылық қызметтерде болды. Ол заманның жел қайдан тұрады дейтін қауіп-қатерге толы кезеңі. Сондықтан оған тек құрылысшы болып қана қоймай, қоғамдағы саяси-әлеуметтік оқиғалардың бел ортасында жүруіне де тура келді. Оның бұл іске тәуекел етуінің де, революциялық көзқарасының ерте оянып, күрескерлік қырының жаңғырып, күш алуының да сыры әріде жатыр еді.

Өзі отыз жеті жасында өмірден озған Айтжанның 1916 жылы туған ағасы Әбшір де осы жаста орыс отаршылдарының қолынан қаза табуы оның өмірге деген көзқарасын күрт өзгертіп, ерте есейтіп жіберді. Ресей империясының аз халықтарға, оның ат төбеліндей қайраткерлеріне жасап отырған жымсысқа саясатының жықпылдығын ерте сезінген ол оған қарсы ашық күреспен емес, білім-біліммен күресу керектігін де ерте пайымдайды. Мәскеудегі Свердлов атындағы коммунистік университетте оқып жүрген ол қазақ жастарының басын біріктіріп «Қазақ жерлері» қоғамын құрды. Осы кезден бастап саясатқа шынша ден қойды. Мәскеудегі құрамы қазақ жастарынан құралған партия ұйымының бірінші хатшысы болды. Ол тұста Кеңес өкіметінің саясатына ашық қарсы шығу арыстанның аузына басынды тірідей тыққанмен бірдей еді. Соған қарамастан ол Голощекиннің ауыл шаруашылығында ұжымдастыру саясатын жүргізуде жергілікті ұлттың ерекшеліктерін қаперге де алмай, өрескел қателіктер жіберіп жатқанын қатал сынға алды.

«Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады». Айтжан Түркебаевтың ұлы, академик, Мемлекеттік

жоспарлау институтында 23 жыл директорлық қызмет атқарған Едіге Түркебаев та тегіне тартып, елжанды, мемлекетшіл тұлға болды.

– Әкем О.Жандосов, Розыбакиев, Масаншы секілді тағы да басқа қоғам қайраткерлерімен тығыз байланыста болып, отбастарымен араласты, – дейді ол. Бұл кісі кезінде әкесі туралы «Алматы ақшамына» тың мәліметтер берді. Тағдыр бұл текті әулетті Қонаевтармен тоғыстырды. Айтжан Түркебаев 1925 жылы Димекеннің әпкесі Әминамен отау құрады. Димекеннің әкесі Мендіахметтің «Айтжан отымыздың жарығы, суымыздың тұнығы еді. Ол кісі бізге бақыт әкелді» деуі де тегін емес. Расында да, оның бұл шаңыраққа көп шарапаты тиді. 1931 жылы Дінмұхамед Қонаевты өзі қолымен жетектеп жүріп, Мәскеудегі Түсті металлургия институтына оқуға түсіреді. Міне, сол тұлпарлығын тай күнінен тап басып таныған Қонаев қырық жыл Қазақстанды басқарды. Димекен де бұл отбасына қамқор қолын созып отырды. Тектінің көзі Едігені інісі Асқармен бірге Мәскеуге оқуға түсіріп, тұлға болып қалыптасуына көп еңбек сіңірді.

Жалпы айтқанда, А.Түркебаевтың артықшылығы ол тек шаруашылық, құрылыс жұмыстарымен ғана араласып қоймай, сол кездегі көзқарасын тәпсірлегенде бас идеолог та болды. Оның тұлғалық қасиетінің биік болғанына бір ғана дәлел – Т.Рысқұлов, Д.Бәрібаев, И.Қабылов тәрізді заңгер адамдармен тең дәрежеде бірге қызмет еткені. Әкемнің тәрбиесін көп көрген қарт революционер Шәріп Өтепов ақсақал «Сендер көп нәрсені білмейсіңдер. Мына орыстарда Гайдар деген батыр бар. 17 жасында полк басқарған. Сенің әкең де сол секілді 17 жасында жаудан да, даудан да қайтпаған қайсар болды дейтін» деп еді бірде Едіге аға. Расында да оның бойындағы атап өтер тағы бір алабөтен қасиеті, ол – жаужүрек, күрескер еді. Бұл жағынан келгенде өмірі аңызға айналған адам деуге болады. Ол 1922-1923 жылдары атаман Анненковтың бандысын жою операциясына араласып, нәтижесінде зор жеңіске жетті.

Қ.ҚОШҚАРУҰЛЫ.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

КЕР ЗАМАННЫҢ
ҚАЙСАР
ҰЛАНДАРЫ

Бірінші қатарда:
сол жақтан бірінші – қырым татар ғалымы Бекир Уақапозлы, екінші – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, үшінші – педагог, ғалым Біләл Сүлейұлы.
Екінші қатарда:
сол жақтан бірінші – әйгілі әнші Әміре Қашаубайұлы, екінші – лингвист ғалым, физик Елдес Омарұлы, үшінші – әзербайжан ғалымы Фархад Рагимоглы. Баку қаласы, 1926 жыл, 1 наурыз.

ӘРІП АУЫСТЫРУ
ӘЛЕГІ

1926 жылдың 26 ақпаны мен 6 наурызы аралығында Баку қаласында Кеңес Одағы түркітанушыларының I конференциясы өтті. Бұл – кеңестік түркі жұрты зиялыларының ішкі жанайқайы еді. Шындығында, бұл шара пышақ алқымға тиген кездегі соңғы тұяқ серпу болатын. Ол пышақтың қайралғанына 20 жыл болған.

1906 жылдың 11 наурызында II Николай патшаның арнайы кенесінде үлкен мәселе болып қаралып, түркі халықтарын орыс әліпбиіне – кириллицаға көшіру туралы шешім қабылданады. 1905 жылдан басталған ел ішіндегі әртүрлі толқуларға байланысты бұл мәселе уақытша тоқтатыла тұрған еді. Алайда, соның өзінде екіарадағы астыртын арпалыс сырт көзге білінбей жүріп жатты. 1926 жылғы Бакудегі басқосу ашық алаңдағы айқаспен бір болды. Себебі, түркітанушылардың бұл конференциясында отаршылдық саясаттың тағы бір бетпердесі сыпырылған болатын.

– XIX ғасырда түркі халықтарын орыс қарпі – кирилге көшіру мәселесін зерттеген көптеген ғалымдар болды. Олардың арасындағы Остроумов, Алекторов, Ильминский, Бартольд, Радловтарды ерекше бөліп айтуға болады. Бұлар арнайы тапсырмалар бойынша үлкен бағдарламамен жұмыс істеді. Әрі ғалым, әрі миссионер болған бұл топтағылар түркі халықтарының тарихы мен тілдерін терең зерттеп, олардың бірлігін ыдырату, жіктерге бөлу мәселелерін қолға алды. 1926 жылғы I конференцияда көтерілген мәселе – түркі халықтарын кирилге көшіру алдындағы латынға өту шарасы еді, – дейді тарих ғылымының кандидаты Сәбит Шілдебай.

Қазақ жерінен алқалы жиынға Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топ қатысқан. Отаршылдық жүйенің түпкі мақсатын бұрыннан білетін Байтұрсынұлы бұл басқосудың да өту себебін жақсы түсінген. Әртүрлі айла-шарғымен қарқын алып үлгерген орыстандыру саясатына

ашық қарсы тұра алмасын сезіп, өзінің дәлел-дәйектемелерін ғылыми тұрғыдан қарсы қойды.

Латын қарпіне көшу мәселесін әзербайжандық ғалымдар жақтаған. Олардың өйтпеске лажды жоқ болатын. Латын қарпіне көшу туралы ғана емес, ғалымдар бұл жиында термин сөздер төңірегінде де үлкен айтысқа түсті. Оны филология ғылымының докторы, профессор Жамал Манкеева кезінде жақсы зерттеп жазды.

– Ахмет Байтұрсынұлы бұл съезде пән сөздері – термин туралы үлкен баяндама жасады. Мұнда да ол бүгінгі таңдағы қажет деген мәселелерді жан-жақты түсіндіріп береді. Ғылыми атаулардың пән сөздерін табу керек деген мәселе қояды. Бұл орайда Байтұрсынұлы қазақ тілін сарқа пайдалану керектігіне тоқталады. Яғни қазақ тілінде бұрыннан бар сөздерді жаңғыртып, жаңа мағынада дұрыс қолданғысқа кіргізу қажеттігін айтқан. Тіпті, болмаған жағдайда туыстас түркі сөздерін пайдалану керек, себебі, оларда бәрімізге ортақ түбірлер бар деп орынды мәселе көтереді, – дейді Жамал Манкеева.

Жалпы, түркі халықтарының патша отаршылдығына қарсы күресінің басталғанына көп болған еді. Соның бірі осы жазуды өзгертуге деген наразылығы болатын. Олар жазудың өзгеруі бүкіл сананы жаулаудың басы екендігін анық білді. Зиялы қауым өкілдері сол үшін жанталасып бақты. Бұл орайда татар ғалымы Исмайыл Гаспыралының еңбегі ерекше еді. Ол түркі жұртына арналған «Тәржіман» деген газет шығарған. Мұхтар Әуезовтің айтуынша, оны кезінде Абай алып оқып тұрған.

– Исмайыл Гаспыралы үлкен реформа жасады. Ол алфавитке тікелей қатысты болды. И.Гаспыралы араб графикасының негізінде бүкіл түркі халықтарына ортақ жазу қалыптастырды. 1883 жылы пайда болған бұл жазу төте жазу деген атпен белгілі болды. «Тәржіман» газеті осы жазумен шығып тұрды, ол арқылы бүкіл түркілердің басын біріктіру саясаты жүргізіліп отырған. Бұл бағытты кейін Ахмет Байтұрсынұлы жалғастырды, – дейді Сәбит Шілдебай.

Негізі, әзербайжан халқын латын әліпбиіне көшіру туралы мұның алдында талай сөз болған. Оған башқұрттан шыққан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, түркітанушы ғалым Ахмет Зәки Уәлидидің 1923 жылы ақпанда Ленинге жазған хаты айғақ бола алады. Онда түркі халқы орыс әліп-

биіне көшсе, оның соңы христиандықтың енуіне әкелетіні туралы, сондай-ақ, әзербайжан халқының латын әліпбиіне көшуі туралы мәліметтер бар. Бұрыннан қозғалып келе жатқан таласты мәселе түркітанушылардың екіге бөлінуіне әкеліп соқты.

Исмайыл Гаспыралының жәдитше, яғни жаңаша бағытын Ахмет Байтұрсынұлы ары қарай жалғастыра түседі. Ол 1912 жылы қазақ тілінің дыбыс үндестігіне лайықтап, жаңа әліпби жасап шыққан. Бұл бүкіл түркі жұрты үшін қолайлы әліпби болатын. Сондықтан түркітанушылардың I конференциясында мұны қолдаушылар аз болған жоқ. Зерттеуші-ғалым Жамал Манкееваның айтуынша, бүкіл түркі әлеміндегі түркітанушы ғалымдардың алғашқы бұл басқосуда үлкен айтыс болып, ғалымдардың өзі екіге жарылған. Латын жазуына көшуді қолдағандар бір топ, араб жазуы негізінде жасалған Байтұрсынұлының әліпбиін пайдалану қажет деушілер екінші топ болып, екі топ арасында талас болды. Шындығын айтсақ, Кеңес үкіметі түркі жұртының бас біріктіріп кетуінен қатты қорықты. Сондықтан оған түркішілдік идеясы деп, қолдан келгенше қарсы күресіп отырған. Ал шын мәнінде, түркішілдік деген сөздің өзі отаршылдыққа қарсы жүргізілген күрес болатын. Зиялы қауым өкілдері түркі жұртының басы қосылмайынша отаршылдық бұғаудан құтыла алмасын жақсы білді.

Бакудегі түркітанушылардың I конференциясы латын қарпіне көшуге орай әдейі ұйымдастырылғандықтан да әзербайжан ғалымдары оны жақтап шығуға тиіс болды. Кезінде патша үкіметінің жүргізген миссионерлік саясатын оның орнына келген Кеңес үкіметі де империялық негізде жалғастыра түсті. Жаңа үкіметтің ашық жүргізе бастаған отаршылдық саясатына тура қарсы тұра алмасын сезген Ахмет Байтұрсынұлы өз идеясын ғылыми тұрғыдан қарсы қойған еді. Ол латын әліпбиіне көшу орыс қарпі пайдалану алдындағы әзірлік екенін жақсы түсінді. Шынында да, бұл тактикалық айналыстың бір түрі болатын.

Тарих тереңінде қалған түркітанушылардың тұңғыш басқосуы олардың ақырғы айқасы еді. Одан кейін көп ұзамай, 1928 жылдың 20 қарашасында еліміздің Орталық Атқару комитеті латын әліпбиіне көшу туралы қаулы қабылдады.

Ә.ИСЛАМХАНҰЛЫ.



ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

КИБЕРҚАДАҒАЛАУ

алаяқтардың жолын кесуде таптырмас ақпараттық жүйе

IT-технологиялардың дамуы қаладағы криминогендік жағдайға әсер етпей қоймайды. Алматыдағы ең жиі жасалатын қылмыстар дәл осы жаңа технологиялар арқылы жасалады. Өткен жылы 9925 алаяқтық тіркелді (2021 ж. – 8.636, өсім 14,9% құрады). Қылмыстарды жалпы тіркеуде алаяқтық үлесі 29,1%-ды құрады.

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, пандемияға дейін (2017–2019) интернет алаяқтық тек 10-11 %-ды құраса, пандемия кезінде қылмыстың саны үш есе өскен (2020 ж. – 27,7%, 2021 ж. – 35,8%, 2022 – 29,1%). Келтірілген материалдық залал 2017 жылғы 425 млн теңгеден 2022 жылы 3 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2017 ж. – 1.789.634 тг., 2018 ж. – 29.704.660 тг., 2019 ж. – 171.553.319 тг., 2020 ж. – 425.012.932 тг., 2021 ж. – 2.050.327.914 тг., 2022 ж. – 3.005.157.312 ж.). Былтырдан бастап қаржы пирамидалары мен алаяқтық сайттарын анықтау бойынша әлеуметтік желіге мониторинг жүргізіле бастады. Сондай-ақ, «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы қаржы пирамидасы белгісі бар сайттар мен сілтемелерді бұғаттау үшін Қазақстан Республикасының цифрландыру министрлігі жанынан арнайы эксперттік топ құрылған. Халықты алдап, әбден әккіленіп алған алаяқтар енді мүлдем басқа тәсілге көшкен. Телефонға енгізілетін арнайы бағдарлама арқылы біреудің атынан несие рәсімдеп, сан соқтырып кетеді.

Қазіргідей демалыс маусымында алаяқтар аңқау, тез алданғыш адамдарды қалт жібермейді. Сарапшылардың пікірінше, жаз мезгілінде қым-қуыт тірліктен босап, жылдық еңбек ақысын алғандар, яғни ақшасы бар азаматтар арбауға оңай түседі. Мәселен, жақында ғана телефонға жүктелетін арнайы мобильді қосымша арқылы алаяққа 9 миллион теңге аударып, опық жеген тұрғынның жағдайымен әлеуметтік желі арқылы таныс шығарсыздар?! Оңай олжаға кенелу үшін техника тілін меңгеріп, арнайы сауатын ашатындар да бар. Әйтпесе, тәжірибелі маманның өзін ойландыратын әрекеттер кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Алаяқтықпен айналысатындар үшін барлық құрал қолжетімді. Машықтанғандары жылы сөйлейді. Түрлі ақпарат арқылы әбден сенімге кіреді де, төлем жасаудың түрлі жолдарын ұсынады. Өзі сұраған ақпаратты айтудан бас тартсаңыз, қорқытып, балағат сөз айтуға да дайын тұрады.



Алматылық Аккербез есімді қызға алаяқтар соңғы уақытта өте жиі хабарласатын болған. «Алдымен телефон нөміріме белгісіз біреуден СМС-хабарлама келеді. Оны оқығаннан кейін лезде қоңырау шалады. Өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, жаңағы келген хабарламадағы құпия сөзді айтуымды өтінеді. Содан кейін мобильді қосымшаны телефонға енгізіп, бағдарламаға өзі тағы да жіберген құпия сөз арқылы кіруімді сұрайды. Бірден күдіктеніп, құпия сөзді айтудан бас тарттым. Телефонды қоя салдым», – дейді Аяулым.

Иә, алаяқтық амалдар жыл өтіп, технология дамыған сайын түрленіп келеді. Дегенмен, сауатты адамға алаяқты анықтау қиын емес. Кез келген алаяқтықтың түрінде төлем, алдын ала төлем деген нәрсе жүреді. Қандай жағдай болса да бейтаныс адамға ақша аудармаған абзал.

Банк қызметкерлерінің айтуынша, төлем картасының құпия сөзін ешкімге айтуға болмайды. Тіпті, банк қызметкерлеріне де. Төлем картасының 16 саны, жарамдылық мерзімі және картаның артыңғы бетіндегі 3 құпия сөз карта иесінің өзге ешкім білмеуге тиіс құпия ақпарат болып саналады. Осы тәсілге ұқсас алаяқтықтың заманауи түрі шыққан. Ғылым тілінде дипфейк деп аталады. Оның көмегімен алаяқтар банктік шотқа қол жеткізіп, қаражатты қолма-қол ақшаға аударып алады. Жалған несие рәсімдеу үшін өмірде жоқ адамды қолдан «жасай» салады. Қайтыс болған адамның деректерін ұрлап, банктік онлайн-қызметтерге қол жеткізу үшін оны «тірі» етіп көрсетеді. Өмірде жоқ адамды синтездеп, оны ірі қаржылық транзакциялар мен кредиттік алаяқтықтың күрделі схемаларын жасау үшін пайдалана алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жазира МЕНДІХАНҚЫЗЫ, заңгер:

– Өзімнің тәжірибемде алаяқ 20 миллион теңгеге несие рәсімдеп алдап кеткен мұғалім заңгерлік көмек сұраған болатын. Әлеуметтік желідегі жарнамадан көрген. Алаяқ басында «800 мың ақша салсаңыз, 3 күннен кейін 2 миллион 100 мың етіп қайтарып аласыз» деген. Бірақ ақша 3 күннен кейін түспеген. Тағы да 2 миллион 100 мың салыңыз» деген. Сөйтіп, 10 күннің ішінде 20 миллион теңгеге несие рәсімдеген. Алаяқ осыншама қаржыны өзіне аударып алып, жоқ болып кеткен. Қолында бар ақшасынан айырылып қалған азамат тіпті, өз-өзіне қол жұмсамақ болған. Абырой болғанда, ағасы құтқарып қалған. Бұл мәселе қоғамда өте өзекті. Адам өліміне, отбасының бұзылуына алып келетін дерт деуге болады. Арты неге апаратынын білмеймін. Біздің құзырлы органдар әлсіз. Алаяқтың үстінен арыз жазсақ, соңына дейін жеткізбей, алаяқты таппай «дәлел жетпейді» деп істі жауып тастайды. «Сауатты болу керек, алаяққа алданбау керек» деп жиі айтып жатамыз. Бірақ олардың адамның сеніміне кіргені сонша, ең сақ деген адамның өзі алданып қалып жатады.

Қаржыгер Перизат Бауыржанқызының айтуынша, қоғамда «қаржылық білімді тек экономистер мен қаржыгерлер ғана оқу керек» деген түсінік қалыптасып кеткен. Сол себепті, көпшілігімізде қаржылық қиыншылықтар кездесіп жатады. Ғаламтор арқылы жарнама беріп, ақшасын аудартып, соңында не ақша, не тапсырыс берген затыңызды ала алмай жатқан жағдайлар күн өте келе көбейіп келеді. Олар алдымен белгілі бір затты жарнамалап, хабарласқан тұтынушының сеніміне әбден кіріп алып, ақшасын өзінің шотына аудартады. Артынан тіркелмеген телефон нөмірді мүлдем өшіріп тастап, адамды сан соқтырып кетеді. Сондықтан әлеуметтік желіде көп отыратындар аса сақ болған жөн. Елімізде көп кездесетін алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен байланысты алаяқтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон арқылы алаяқтар, СМС-алаяқтар, интернет-банкінг арқылы жасалатын қылмыстар жатады.

ПОЛИЦИЯ

КҮДІКТІЛЕР ҚАМАУДА

Есірткі дайындаумен айналысқан 3 адам ұсталды

Алматы полициясы есірткі дайындаумен айналысқан үш күдіктіні ұстады. Полиция мәліметінше, бас айыпталушының көлігін тәртіп сақшылары Жандосов көшесінде тоқтатты. 30 жастағы Е. есімді азаматтың көлігінен ерекше иіс бар кристалданған зат салынған сөмке табылды.



«Ұсталған азамат өзінен тәркіленген зат мефедрон есірткі екенін мойындады. Ер адамның айтуынша, ол бұл шөпті достарымен бірге синтетикалық есірткі өндіру үшін ұйымдастырған уақытша зертханада жасаған. Зертхана Алматы облысы, Іле ауданы аумағындағы жалдамалы үйде орналасқан. Ғимаратты тінту кезінде зертханалық құрал-жабдықтар, шикізат пен сатуға дайын өнімдер табылды және тәркіленді. Айтпақшы, тағы екі күдікті – 28 жастағы М. есімді азамат пен 29 жастағы С. есімді азамат есірткі қылмысына қарсы

күрес басқармасы мен полицияның арнайы жасақтарының қызметкерлері жасаған арнайы іс-шара кезінде қолға түсті», – деді Алматы қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары Дидар Аханов.

Полиция өкілінің айтуынша, Қылмыстық істі ҚР ҚК-нің 297-бабы бойынша Бостандық аудандық ПБ-ға қарасты полиция бөлімі тергеп жатыр.

Сот-химиялық сараптама тағайындады. ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес өзге ақпараттар тергеу мүддесіне орай жариялауға жатпайды. Күдіктілер қамауға алынды.

ҰҚК

Алматыда қылмыстық топ ұсталып, автомат, граната, атыс қарулары және есірткі тәркіленді.

ҰҚК жедел қызметкерлері арнаулы мақсаттағы бөлімшені жұмылдыра отырып Алматы қаласында қоғамға қауіпті ұйымдасқан қылмыстық топ әрекетінің жолын кесті.



АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯ

қылмыстық топты құрықтады

Арнайы операция барысында ұйымдасқан қылмыстық топтың (ҰҚТ) 5 белсенді мүшесі ұсталып, олардан Калашников автоматы, Макаров тапаншасы, синтетикалық сипаттағы есірткі заты тәркіленді.

Топ мүшелері денсаулыққа ауыр зиян келтіру, аса ірі көлемде есірткі затын сату мақсатында қару мен оқ-дәріні заңсыз тасымалдау және сақтау қылмыстарын жасады деген күдікке ілінген. Үш күдікті тергеу сотының рұқсатымен қамауға алынып, қалғандарына қатысты қажетті тергеу іс-қимылдары жүргізілуде.

Қолданылған шаралар Алматы қаласының қылмыстық ахуалын жақсартуға және қылмыстық ортаның қоғамға әсерін әлсіретуге бағытталған. Жедел-тергеу іс-шаралары жалғасуда.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағы 1-тармақшасына және Қылмыстық-процессуалдық кодекстің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ДӘСТҮРЛІ АТ СПОРТЫ

Алматыда Дүниежүзілік аударыспақ федерациясы құрылды

Ұлттық спорттың бұл түрі Қазақстаннан бөлек Орта Азия мен Кавказ елдерінде, тіпті Еуропада да кең таралған. Мажарстан аударыспақтан тұрақты түрде сайыстар өткізіп келеді. Елде аударыспақпен айналысатын 2 мыңнан астам спортшы бар деген дерек бар. Бұл спортқа көбіне ауыл жастары әуес.

Алматыда негізі қаланып отырған Дүниежүзілік аударыспақ федерациясы құрамына Еуразия құрлығындағы 10 ел мүше атанды. Федерацияға Ресей, Қырғызстан, Қытай, Венгрия, Түркия, Моңғолия және Өзбекстан кірді. Енді федерация басшылығы бұл спортты Азия ойындарының бағдарламасына және UNESCO-ның материалдық емес мәдени

мұрасына енгізуді жоспарлап отыр. Аударыспақ ойыны енді Азия ойындарында болады.

Федерация президенті болып Марат Жұман сайланды.

«Біріншіден, біз бірыңғай саясатты қалыптастырып, сайыстың бірыңғай ережесін бекітіп алуымыз керек. Өйткені, әр ел түрлі ереже қолданып жүр. Соның бәрін бір арнаға түсіріп, федерация аясында бекітіп алсақ дейміз. Ортақ ереже туралы әдістеме оқулықтары мен ереже кітабын шығармақшымыз. Біз әдістемесін әзірлейміз. Бұл ойынды жастар арасында танымал етеміз. Кездесу барысында бірыңғай стандарттар мен ережелерді бекіттік. Олардың негізі аударыспақтың қазақша нұсқасы болды. Спортшылардың салмақ дәрежелері анықталып, алдағы жарыстардың кестесі қабылданды», – дейді Қазақстан аударыспақ федерациясының басшысы Марат Жұман.

ШАХМАТ

30 маусым мен 10 шілде аралығында Қырғызстанда 6 мен 18 жас аралығындағы балалар арасында шахматтан Батыс Азия чемпионаты өтті. Жарысқа Бангладеш, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Оман, Шри-Ланка, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан елдерінен 280-нен астам шахматшы және Халықаралық шахмат федерациясы атынан ойыншылар қатысты.

ҚАЗАҚСТАН

БАЛАЛАР ҚҰРАМАСЫ

Батыс Азия чемпионатында 40 медаль иеленді



Түрлі санат және жас бойынша Қазақстан құрамасы ортақ есеппен 40 медаль жинады.

«Классикалық шахмат жарысында біздің команда Өзбекстаннан ғана ұтылып, екінші орын алды. Қазақстан қорында – 4 алтын, 3 күміс және 4 қола.

Сондай-ақ, 6 жасқа дейінгі санатта, жарыстан тыс ойында қазақстандық жас шахматшылар 2 алтын және 1 күміс жеңіп алды. Рәпид және блиц бойынша Қазақстан құрамасы командалық есепте жеңіске жетті», – деп жазды Қазақстан шахмат федерациясынан.

Блицте Қазақстан қоржынында 5 алтын және 3 қола медаль бар. Сол арқылы еліміз жалпыкомандалық есепте бірінші орынға шықты. Рәпид бойынша да топ жардық, одан барлық 14 санат бойынша 18 медаль: 7 алтын, 3 күміс және 8 қола жүлде иеленгенбіз.

НЫСАНА КӨЗДЕУ

АЛМАТЫЛЫҚ МЕРГЕНДЕР

VI жазғы спартакиадада топ жарды

Шымкент қаласында нысана көздеуден ҚР-ның VI жазғы спартакиадасы аяқталды. Бір аптаға созылған бәсекеде 27 бағдарламада жүлде сарапқа салынды. Оның 12-сі жекелей, 12-сі командалық сайыста, қалған 3 медаль жиынтығы аралас жұптар арасында өз иесін тапты.



Барлығы Шымкенттегі бәсекеге 9 өңірден 138 спортшы жиналды. 2 жүлде жалпы есептегі жеңімпазды анықтап берді. Жылжымалы нысана көздеу мен 10 метрден пневматикалық тапаншамен аралас жұптық сында Алматы қаласы чемпион атанып, жалпы есепте 1-орын алды. Олардың еншісінде 13 алтын, 16 күміс пен 5 қола медаль бар. Ал Шымкент қаласы (13 алтын, 6 күміс, 8 қола) 2-ші болса, үздік үштікті Жамбыл облысы 1 алтын, 4 қоламен түйіндеді.

«Осы спартакиада барысындағы ең қиын финал бүгін болды. Іріктеуде 586 ұпай жинадым. Бұл менің үздік көрсеткішім дей алмаймын. Бұдан көп балл жинаған кездер

бар. Финал мен үшін сәтсіз басталды. Бірақ ортасына қарай бар шеберлігімді көрсете бастадым. Қарсыластарымның алдын орап жеңіске жеткеніме қуаныштымын. Осы сәт үшін біз ұзақ дайындаламыз. Енді шетелдегі жарыстардан жүлделі оралуға барымды саламын», – деді Ұлттық құрама спортшысы Ислам Сағпаев.

«Бұл жарыста бар мүмкіндігімнің 60 пайызын көрсеттім деп ойлаймын. Нәтижеме көңілім толады. Бүгін 5-ші жүлдемді жеңіп алдым. Келесі жарысқа дейін дайындалуға көп уақыт жоқ. Алда жастар арасындағы әлем чемпионаты келе жатыр. Сосын Азия ойындарында жақсы нәтиже көрсетуіміз керек», – деді Алматы қаласының спортшысы Александра Садуақасова.

Осымен Олимпиада бағдарламасына кіретін 25 спорт түрінен VI жазғы спартакиада мәресіне жетті. Нысана көздеуден соң 20 өңірдің ішінде жалпы есепте анау айтқандай өзгеріс болған жоқ. Қазір Алматы қаласы көш бастап келе жатыр. Ал одан кейінгі сатыда Шымкент қаласы тұрса, Қарағанды облысы 3-сатыны Астана қаласына бермей, өзінде сақтап қалды.

Еске сала кетейік, 4 жыл бұрын нысана көздеуден V жазғы спартакиада осы Шымкент қаласында өтіп, жарыс қожайындары топ жарған. Ал жалпы есепте 2-орынды Алматы қаласы алған еді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ



Алматы қаласының Спорт басқармасына қарасты балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервтегі тегін спорт мектептеріне жыл сайынғы іріктеу дәстүрлі түрде шілде-қыркүйек аралығында өтеді. Іріктеуде баланың жалпы физикалық дайындығына және жасына баса мән беріледі.

Алматыда балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервтегі 10 спорт мектебі және 1 мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Алматы» спорт клубы жұмыс істейді. Бұл – балалар мен жасөспірімдер арасында спорттық дарындыларды анықтау және дамыту мақсатында ашылған мамандандырылған оқу орындары. Олар балалардың өздері тандаған спорт түрімен кәсіби деңгейде айналысуына және Олимпиада ойындарына қатысу үшін дайындалуға

мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда осы мектептерде 13 мыңнан астам бала кәсіби спортпен айналысады.

Мектептерде спорттық дағдылар мен дене шынықтыру дайындығын дамытатын білікті жаттықтырушылар жұмыс істейді. Олар таңдалған спорт түрі бойынша жаттығулар мен теориялық дайындық сабақтарын да қамтитын спорттық бағдарлама бойынша оқытылады. Студенттерге сабақ өткізуге қажетті барлық жағдай жасалған. Ең дарынды спортшылар қалалық, облыстық, республикалық чемпионаттарға қатысады.

Алматы қаласының Спорт басқармасы спортшылардың оқу-жаттығуы мен іссапарлардың барлық шығынын көтереді. Спорт мектебінің негізгі мақсаттарының бірі – болашақта Алматы мен Қазақстанның атынан халықаралық

жарыстарда, соның ішінде Олимпиадада өнер көрсететін болашағы зор спортшыларды іріктеу және дайындау.

Оқуға түсу үшін міндетті стандарттарды тапсыру арқылы іріктеуден өту керек. Негізі бұл жалпы дене жаттығулары: жүгіру, секіру және тартылу. Өр спорт түрі үшін жеке-жеке арнайы дене дайындығы тексеріледі: мысалы, көркем гимнастика үшін шпагатқа отыра алу керек. Міндетті шарттардың бірі – Алматы қаласында тіркелу.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- баланың туу туралы куәлігі;
- ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;
- №075 медициналық анықтама;
- 3X4 фотосуреті;
- ата-ананың оқуға қабылдау туралы өтініші.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

БІР ЖҰТЫМ СУ ДА ҚАДІРЛІ

Күн ыстық. Осынау аптапта аңқамыз кеуіп, шөл қысатыны заңдылық. Байқасаңыз, әсіресе ерлер жағы тоңазытқышқа күні-түні су қойып жатады. Салқындап тұрсын деп. Аптап ыстықта сырттан кіре сала бірінші сол суға ұмтылады. Сіміріп салып, «шөлімнің қанбай тұрғаны-ай» деп ыдысты тағы төңкере ішеді. Бұл мүлдем дұрыс емес дейді мамандар.

Дәрігерлер ыстық 40°C-қа жеткенде өте салқын суды ішпеу керек екенін айтады. Өйткені, кішкентай қан тамырларымыз тарылып, жарылып кетуі мүмкін. Содан адам инсульт алады. Сырттан келгенде бірден суық суға жүгірмей, отырып сал тыныстап алған абзал. Сосын барып, суық емес, жылы су ішу керек. Оның өзін сіміріп салмай, баяу ішкен дұрыс екен.

Салқын су дене температурасын түсіріп қана қоймай, көмексіз, жұтқыншақты тітіркендіреді. Салдарынан өкпе, тыныс жолдарына суық тиіп, қабындыруы мүмкін. Көп мөлшердегі салқын су асқазанға түскеннен кейін асқазан шырышты қабатындағы қан тамырларын жиырады. Бұл асқазандағы ферменттердің әрекеттесуін әлсіретіп, ас қорыту барысын қиындатады. Асқазанды оттегі мен қан жетіспеушілігіне шалдықтырып, қабындырады.

Сырттан терлеп-тепшіп келген адамның еңтігін де баспастан бірден душқа жүгіретіні немесе аяғын жууға ұмтылатыны бар. Жуынар алдында кем дегенде 30 минут күткен абзал.

Күн ыстық болған соң, көшеден су толы құты ұстаған адамдарды жиі көретініміз заңдылық. Бірақ түрегеліп тұрып, жүріп бара жатып су ішу де зиян екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Яғни біздің отырған не тұрған, болмаса басқа бір әрекеттегі қалпымызда асқазан



да денемен бірдей өзгерісте болады. Сонда асқазан адамның қозғалысына қарай жиырылып, созылып тұрады деген сөз. Демек, түрегеліп тұрып ішкен су асқазанда қорытылмастан төтелей ішек жолдарына өтеді. Ал қорытылмаған судан ағамыз еш құнар ала алмайтыны белгілі. Сондықтан асқазанда аялдап, қорытылған, микробтары жойылған су ғана ағза үшін пайдалы. Ол үшін суды отырып ішуге тура келеді.

Тік тұрып су ішудің тағы бір теріс жағы – тұрған қалыпта біздің бұлшық еттеріміз бен жүйке жүйеміз отырғандағыдай еркін, босаңсыған күйде болмайды екен. Осындай сәтте су ішу (яғни тұрып тұрғанда) бұлшық еттеріміз бен жүйке жүйеміз өзіне қажетті суды толыққанды

ала алмайды. Оның салдары буындар қабынады. Тұрып тұрғанда суды тез ішетіндігімізден ол денеміздің сүзгіші – бүйрекке де артық салмақ болатыны тағы бар.

Адам аштыққа төзгенімен, шөлде 3 күннен артық шыдай алмайды. Жер шарының 70 пайызын су алып жатқаны сияқты, адам салмағының да 60–70 пайызын су құрайды екен.

Жайшылықта ересектерден күніне 1,5 литр зәр шығады екен. Одан бөлек терлеу арқылы және теріден тіке шығатын су мөлшерін қоссақ, шамамен сыртқа күнделікті 2–3 литр су бөлеміз. Демек, осы көлемдегі су мөлшерін уақытылы толықтырып отыру аса маңызды. Мамандардың күніне кем дегенде 2 литр су ішу керек дейтіні сол.

● МАМАН ПІКІРІ

Гүлзат ҚАНАТҚЫЗЫ,
№30 қалалық емхананың
дәрігері:



КҮНІНЕ КЕМ ДЕГЕНДЕ СЕГІЗ СТАКАН СУ ІШУ КЕРЕК

Су – қоректік заттарды, дәрумендер мен минералдарды дене жасушаларына тасымалдауға көмектесетін орта. Ол ағзадағы токсиндер мен қалдықтарды зәр мен тер арқылы тазартуға көмектеседі, бұл органдар мен тіндерді шаюға көмектеседі. Су ағзаның барлық метаболикалық процесіне, соның ішінде тағамның ыдырауына, ақуыздар мен көмірсулардың синтезіне және қандағы глюкоза деңгейін реттеуге қатысады.

Теріні ылғалдандыруға, тағамды жұмсартуға көмектеседі және ас қорыту процесін жеңілдетеді, іштің қатуына жол бермейді.

Ыстық күнде дене тер арқылы сұйықтықты тез жоғалтуы мүмкін, сондықтан жоғалған орынды толтыру үшін жеткілікті мөлшерде су ішу маңызды. Күніне кем дегенде 8 стакан су ішу қажет. Термен бірге ағзада натрий мен калий сияқты электролиттер жоғалады.

Ыстық күнде ағзаңызға мұқият болыңыз. Егер ауыз құрғап, бойыңызды әлсіздік билеп, бас айналып, зәріңіз күңгірт тартып, мөлшері де әдеттегіден азайғанын байқасаңыз, су ішуі дереу арттырыңыз.

Әр ағза әртүрлі екенін ескерген жөн, сондықтан бұл ұсыныстар нақты жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Егер сізде қандай да бір медициналық проблемалар немесе денсаулық жағынан ерекшеліктеріңіз бар болса, жеке ұсыныстар алу үшін дәрігермен немесе тамақтану жөніндегі маманмен кеңесуіңіз қажет.

● МӘСЕЛЕ

ЖАЗ – ОЙЫН БАЛАСЫНЫҢ СҮЙІКТІ МЕЗГІЛІ

Ал ата-ана оның қауіпсіздігін де қадағалауға тиіс

Жайдарлы жаз – ойынға тоймайтын балалардың сүйікті мезгілі. Олар көп уақытын сыртта, көшеде, ойын алаңдарында, саябақта, ашық аспан астында, табиғат аясында, су қоймаларында өткізетіні сөзсіз.

Әрине, тапжылмастан төрт қабырғаға таңылып, гаджетке шұқшиып отырғаннан денесі қимылдап ойнағаны өте дұрыс. Бірақ ойын баласының еңбектеп, жүгіріп, ойнап, аунап, секіріп, шомылып жүріп те жарақат алып қалатын жағдайлары аз емес.

Бұл жағдайда, әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларға ата-анасының бақылауы, қамқорлығы ауадай қажет. Кішкентай балдырғандар көбіне асфиксиядан (тиындарды, түймелерді және т.б. ұсақ заттарды жұтып қоюы), уланудан (дәрі-дәрмектерді, әртүрлі тұрмыстық химикаттарды аузына салуы), электр тогының соғуынан зардап шегіп, әртүрлі күйіктер алады.

Ал 5–10 жас аралығындағы балалар көбіне ағаштан, биік қоршаулардан құлап, аяқ-қолын сындырып алып жатады. Ал одан ересектеулері бір-бірімен ойнап күресіп немесе бір-біріне түрлі әдіс-тәсілдерді көрсетемін деп жиі жарақаттанады.

Балалар травматологтары бұрын балалардың велосипедтен, роллербордтан, скейтбордтан құлап жарақаттану оқиға-

лары көп болатын дейді. Ал қазір гироскутерден тайып жығылып, қол-аяғын сындырып алып жатқан бала көп көрінеді. Электросамокат, мопедтен жарақат алып жатқан балалар жайы алаңдатып отыр дейді мамандар. Мұның бәрі кішкентай достарымыздың жол қозғалысы ережелерін білмеуі, жылдамдық режимін сақтамауы салдарынан болып жатыр. Сондықтан ата-аналар балаға мопед немесе велосипед сатып алып бермес бұрын, оған жол қозғалысы ережелерін ұғындырып, түсіндіру керек. Сондай-ақ, кешкілік апақ-сапақта көшеде жүруге рұқсат бермегені дұрыс.

Осы орайда №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының травматология бөлімінің меңгерушісі Ерлан Садырбаллиннің ата-аналарға айтар кеңесі бар.

• Бұл орайда балаға ең бірініш кезекте ата-ана жауапты. Әсіресе, әлі ақыл-есі тоқтай қоймаған баланы көзден таса етпеген абзал. Мәселен, балаға қауіпті жерлерде өрмелеуге рұқсат бермеңіз. Баспалдақтарға, терезе жақтауларына және балкондарға қоршау орнатқан жөн. Үйдегі жиһаздар мүмкіндігінше терезеден алыстау орналасқан дұрыс.

• Терезелерге металл торлар орнатылса, тіпті жақсы. Бірақ әр бөлмеде кем дегенде бір терезеде күтпеген тосын жағдай немесе өрт кезінде жылдам ашылатын тор болуы керек.

• Велосипедпен жүргенде бала басына дулыға кигені абзал. Оған роликті коньки сатып алғанда, олардың үстінде тұруды және қозғалуды үйретіңіз.

• Асүйдегі пышақтар, үйдегі қайшылар балалардың қолы жетпейтін жерлерде тұруы керек. Үлкендеу балаға бұл заттарды қалай дұрыс пайдалану керектігін үйреткен дұрыс. Үйдегі үлкен балаларды кішілеріне қарауға үйреткен жақсы.

• Баланы шомылду кезінде, тіпті жуынатын бөлменің өзінде де бір минут та қараусыз қалдыруға болмайды. Құдықтардың, су толы шелектердің аузы жабылғаны дұрыс.

• Балаларды ыстық пешке, үтікке, ашық отқа жақындатуға болмайды. Оларды бензин, керосин сияқты жанғыш сұйықтықтардан, сондай-ақ сіріңкелерден, шамдардан, оттықтардан қорғаңыз.

• Сәбиді төсекте жатып емізбеген дұрыс. Оны ересек адамның көрпесімен жамылдырмаңыз, ауыр көрпеге тұншығып қалуы мүмкін.

• Бала біткен тесік көрсе саусағын тығып көретіні заңдылық. Сондықтан электр розеткаларының бетін біттеп қойған жөн. Электр сымдары ашық-шашық жатпауын да ескеру қажет.

P.S. Мұның бәрі баланың бас амандығы, отбасының шаттығы үшін ауадай керек қарапайым тұрмыстық хәм қауіпсіздік ережелері.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.





МЕЙІРІМ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – АЙРЫҚША КӨЗҚАРАС

Мәжіліс депутаттары «Кеңес» әлеуметтік ерте бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығында болды



ҚР Парламенті Мәжілісі Аманат партиясы фракциясының депутаттары Айдос Сарым мен Сергей Пономарев, қала мәслихатының депутаттары Алматының Алматы ауданы аумағында орналасқан «Кеңес» әлеуметтік ерте бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығына барды. Бұл әлеуметтік ерте бейімдеу және еңбекпен оңалту жобасы өз қызметін 2023 жылдың көктемінде бастаған болатын. Әрі бұл жоба Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы аясында ашылғанын айта кеткен жөн болар.

**Айнабай
МӘДИ**

«Кеңес» орталығы даму патологиясы бар балаларға және 3 жасқа дейінгі қауіп-қатер тобындағы балаларға, сондай-ақ 3 жастан 7 жасқа дейінгі даму барысында кідіріс бар балаларға бағытталған кешенді

сипатта қызмет көрсетеді. Жобаның ашылуынан бастап орталықта 3 жасқа дейінгі 140 бала кешенді психологиялық-түзету қызметімен қамтылды. Сондай-ақ, 400-ден астам фронтальды және жеке сипаттағы сабақ өткізіле бастады.

«Біздің орталықтың басты міндеті – қоғамда ерекше балалар үшін жағымды ахуал қалыптастыру, оларды тәрбиелеу

мен оқытуда кешенді тәсілді қамтамасыз ету. Бұдан басқа, біз қолжетімді бағдарламаны игере алатын балаларға болашақта арнайы мектептерде оқуға мүмкіндік береміз. Жасыратын жоқ, осыған дейін арнайы дайындықсыз мұндай жетістікке жету мүмкін болмады», – деп атап өтті орталықтың бас директоры Майра Сүлеева.

Кездесу кезінде депутаттар орталықтың жұмысымен танысып, балалардың ата-аналары мен мамандармен сөйлесті. Сондай-ақ, ерекше балалармен болған сабақтарға да қатысып, балалардың бейімділігін өз көзімен көрді, байқады. Халық қалаулылары ерте бейімдеу саласындағы мамандардың балаларға кедергіні жеңу жолын, алдымен, ыммен, ишарамен түсіндіріп тұрғанын білді. Сосын ғылыми негізге сүйеніп түсіндіруге риза кейіп танытқаны байқалды.

Депутаттар жанкешті еңбекті көзбен көріп, көңілмен сезгендей. Жүректен түйсінді ғой деп білдік. Сонымен қатар, ерекшелігі мол, емі зор жас толқынды толыққанды дамуға қалай көмектесетінін сезді, білем. «Балапанды күзде санайды» демекші, бұл шараның нәтижесін күзде байқармыз. Мұндай балалар қоғам қолдауына, мемлекеттің жәрдеміне өте зәру екендігі осыдан-ақ білініп тұрды.

Біздің қазақтың «Ымды білмеген дымды білмейді» деп, еңбектеген балаға да емеурін танытқан даналығына қайран қалмасқа шараң жоқ. Есін білер-білмес балаға «Адамнан қайтпаса да, Құдайдан қайтар» деп бар ынта-жігерімен көмектесіп, аз жалақыға мәз болып жұмыс істеп жатқан абзал жандарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Мектепке дейінгі дайындық бағытындағы бөлімге барғанда тәрбиешінің ұялы телефоннан Мағауия Хамзин орындауындағы күйді баяу қойып, ерекше балалармен жұмыс істеп жатқанын көріп, қуандық. Күй күмбірі балдырғандардың бал

шағына баппен, керемет әсер етіп жатқандай әсерде болғанымызды жасыра алмаймыз. Бұл да тәжірибеден өткен дүние екені рас.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев өз сөзінде: «Даму патологиясы бар балалар мен қауіп-қатер тобындағы балаларды қолдаудың тиімді жүйесін құру үшін үш министрліктің, демек Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тікелей өзара іс қимылы қажет. Бұл аспектіні біз «Кеңес» орталығы бүкіл республикаға үлгі болсын деп «Жол картасына» енгізетін боламыз, онда мамандар алған тәжірибесін Қазақстан бойынша тарату үшін оқытудан өте алады», – деді.

Сонымен қатар, халық қалаулылары ерекше қажеттілігі бар балаларды дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаларға мемлекеттік қолдау мен инвестицияның маңызын атап өтті. Олар болашақта осындай бастамаларды қолдап, ілгерілетуге дайын екендігін айтты.

3.55 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «Әмір көркем»
7.50 «Күй-керуен»
8.25 «ШАҢЫРАҚ»
8.50 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 2-маусым. Финал
14.30 «Сағындырған әндер-ай!». Концерт
17.25 «Шахмат тәжі». Деректі фильм
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 «AQORDA»
20.10 «QAZAQSTAN DAUYISY. BALALAR». Арнайы жоба
21.00 Дисней ұсынады. ТҰСАУКЕСЕР!
«АРЫСТАН ПАТША 3. ХАКУНА МАТАТА». Мультфильм
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23.25 «Күйеу бала». Телехикая
2.25 «Aqorda»
2.35 «Шахмат тәжі». Деректі фильм
3.05 «Зинһар»
3.50 «Шаңырақ»
4.10 «Жәдігер»
4.30 Әнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 Концерт. «Елімнің бір еркесі мен боламын»
Тамара Асар /Алаш
10.00 Мегахит. «Ночная прогулка»
12.00 Мультфильм. «Пчелка Майя»
13.30 «Startup KZ»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық times»
16.00 «Алғашқы»
17.00 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.00 «Cover show»
Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 Мелодрама. «Век Адалин»
23.15 «Әке бақыты»
00.00 «Төрлетіңіз»
01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»

08.30 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00 «Теннис-шоу» (повтор)
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Д/ф «Эврика»
10.40 «Алдараспан»
12.00 КИНО. Митхун Чакраборти в драме «Танцор диско» (повтор)
15.30 Анимационный фильм «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек»
17.30 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Неудержимые 3» (повтор)
20.20 КИНО. Николас Кейдж в приключенческом боевике «Сокровище нации»
23.10 КИНО. Рон Перлман в фантастическом боевике «Хеллбой. Герой из пекла»
01.40 «Bizardin show»
03.00 1001 Әзіл
03.10 What's up?
04.00 BALA BATLLE
04.30 Тамаша live
05.00 Әзіл студия
05.20 1001 Әзіл
05.30 Ризамын

ТВ ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.35 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ». Многосерийный фильм 6 сезон «ПРОКЛЯТЫЕ ПУСТЫННЫХ БОЛОТ»
10.45 Мария Куликова, Семён Шкаликос в многосерийном фильме «ПАРФЮМЕРША»
15.00 «QOSLIKE» бағдарламасы
19.00 Виктория Агалакова в многосерийном фильме «СЛЕДЫ В ПРОШЛОЕ»
23.00 «ФАБРИКА ЗВЕЗД». 20 ЛЕТ СПУСТЯ
2.20 «МИССИС УИЛСОН». Телехикая
3.20 «П@УТИНА» бағдарламасы
4.05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Жұлдыздың жары»
07.20 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.20 Т/с «Мастер охоты на единорога»
15.50 Т/п «Битва поколений»
17.10 Х/с «Трифельный пес королевы Джованны»
21.10 Х/с
01.10 Salem Qazaqstan
02.50 Келесі кім?
03.50 Т/х «Япырай»
04.20 Т/п «Жеңіп көр»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МӘССАҒАН»
07.30 «АЛТЫН БАҚ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
08.00 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
09.00 «КТКweb» (қайталау)
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

10.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
10.40 «АКВАМАРИН», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
17.00 «ШАНШАР»
21.00 «ФОРМУЛА СЧАСТЬЯ», мелодрама (худ.сериал)
01.00 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО», шоу-программа (повтор)
01.40 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
02.20-
05.00 «ШАНШАР» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

06.50 Әнұран
06.55 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Синхронное плавание. Прямой эфир
08.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
08.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
09.25 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Синхронное плавание. Прямой эфир
10.35 «THE RING». 1-бағдарлама. Айдос Ербосынулы
11.00 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер). 1/4 финал.
13.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
14.00 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
14.30 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Водное поло. (Мужчины). Греция – Казахстан
15.50 ФУТБОЛ. Программа «Тур по туру». Прямой эфир
16.30 ЖАМБЫ АТУ. Қазақстан Чемпионаты. Қазақ стилі
18.25 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Астана» – «Атырау». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ордабасы» – «Қызылжар». Тікелей эфир
23.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
23.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер). 1/2 финал. Тікелей эфир
02.25 «Алыптар алааманы». Арнайы репортаж
02.40 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.25 Анимация. «Еркелер»
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.

9.15 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
9.40 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық / «Менің елім»
10.15 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
10.20 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
10.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «Пэдди – сүйкімді ақ аю» Мультхикая.
14.10 Тұсаукесер! «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркетай»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.25 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.40 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
19.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.05 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
20.30 «Ойна, ойла!» ойын-сауықтық бағдарлама
20.55 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.

22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Лесси» Мультхикая.
22.40 Анимация. Отандық / «Бөпе»
22.55 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
23.10 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 2» түрік телехикаясы
10.00 «Күшік құда – Квартиранты» Худ.фильм
11.50 «Шімән апаның хикаялары»
15.00 «Позднее раскаяние» телесериал
18.30 «Шаншар»
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Логово» Худ.фильм

TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Латын
08.40 Менің анам, менің әкем
09.00 Ғибратты ғұмырлар
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 Жүйріктер – мультфильм
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 25 сағат
13.24 Dental planet
13.30 Идея
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «La Gazette» – Жапон қазағы
16.20 Ұлттық спорт – Аударыспақ
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.20 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Автопортрет
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.30 YouTube Times
22.20 Пруст сауалнамасы
23.00 Views



«КҮЙЕУ БАЛА» телехикаясы.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы.
Сағат 23.25-те.

ЖЕКСЕНБІ
23 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Концерт
8.00 Мультфильмы
9.20 Детский кино клуб
11.00 Балалар киносы
13.00 Концерт
15.00 Женский кино клуб
19.00 Үздік әзілдер
20.00 Шешімі бар
22.00 Мужское кино
0.00 Концерт
1.30 Өмір иірімі
2.10 Дала сазы
2.35 Алматинские истории
3.00 Алматинские каникулы
3.15 Алматы кеші
4.00 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 «Күміс көмей»
6.50 «Дәуір даналары». Деректі фильм
7.35 «Aqorda»
7.45 «Зинһар»
8.35 «Aqsaýyt»
9.00 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая
12.00 Дисней ұсынады. «Арыстан патша 3. Хакуна Матата». Мультфильм
13.10 Жігер Ауыпбаевтың концерті
15.30 «Көкжалдар». Көркем фильм
17.10 «Бірегей»
18.00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая
20.00 «ДАРА». Ұлттық білім бәйгесі
21.10 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23.25 «Күйеу бала». Телехикая
2.15 «Күйеу бала-2». Телехикая
3.10 «Aqsaýyt»
3.30 «Күміс көмей»
4.10 «Жәдігер»
4.30 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Кім мықты?»
08.00 Концерт. «Туған ел» Мөлдір Әуелбекова
10.00 Мелодрама. «Век Адалин»
12.00 Мультфильм. «Пчелка Майя. медовый движ»
13.30 «Балақай»
14.15 «Эрекет»
14.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 Телехикая марафоны. «Шашу»
17.30 Телехикая марафоны. «Тракторшының махаббаты»
19.30 «Jur-jubuten»
21.00 Мегахит. «Американский палач»
23.00 «Төрлетіңіз»
00.00 «Әсем әндер»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия

06.10 КИНО. Митхун Чакраборти в драме «Танцор диско» (повтор)
09.00 «TeleBingo» прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Д/ф «Эврика»
11.00 Мультсериал «Маша и медведь»
11.30 Анимационный фильм «Облачно... 2. Месть ГМО»
15.35 КИНО. Джек Блэк в комедии «Путешествия Гулливера»
17.35 КИНО. Николас Кейдж в приключенческом боевике «Сокровище нации» (повтор)
20.25 КИНО. Николас Кейдж в приключенческом боевике «Сокровище нации 2»
23.15 «Алдараспан»
01.40 Тамаша live
02.00 What's up?
02.20 «31 әзіл»
03.10 Әзіл студия
03.30 1001 Әзіл
03.40 Ризамын
04.20 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ТВ ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.45 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
8.55 «ПОЕХАЛИ!»
9.45 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.45 Мария Куликова, Семён Шкаликов в многосерийном фильме «ПАРФЮМЕРША»
14.45 «СЛЕДЫ В ПРОШЛОЕ». Многосерийный фильм
18.50 Игорь Петренко, Алёна Бабенко, Богдан Ступка, Андрей Панин в фильме «ВОДИТЕЛЬ ДЛЯ ВЕРЫ»
21.00 Ольга Арнтгольц, Кирилл Жандаров в многосерийном фильме «ДОЧКИ»
1.05 Ночной кинотеатр. «ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОХОТЫ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД»
2.30 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 5.00

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Т/п «Жұлдыздың жары»
07.20 Salem Qazaqstan
09.00 Т/п «Юморина»
12.00 Х/с
16.30 Х/с «Черная вдова»
20.40 Х/с
00.50 Jaidarman
01.50 Т/п «Келесі кім?»
02.20 Т/х «Япырай»
02.50 Т/п «Жеңіп көр»
04.30 Т/п «Қуырдақ»

KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ»
07.50 «ШАНШАР»
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа
10.40 «ФОРМУЛА СЧАСТЬЯ», мелодрама (повтор) (худ. сериал)
15.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском
18.00 «САҒЫНДЫМ, АНАШЫМ», Тоқтар мен Бейбіттің ән-шашуы
21.00 «НАЙДУ ПАРУ ЛЮБИМОМУ», мелодрама (худ. сериал)
01.10 «ГЛАМУР ДЛЯ ДУР», казахстанское кино (худ. фильм)
02.35 «БЫЛО ДЕЛО»
03.20 «ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ» (қайталау)
04.10
-05.00 «САҒЫНДЫМ, АНАШЫМ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы
07.25 ВОДНЫЕ ВИДЫ СПОРТА. Чемпионат Мира. Плавание. Прямой эфир
12.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
14.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
16.00 ТЕННИС. Президент Кубогы. Challengers 50. Тікелей эфир
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Каспий». Тікелей эфир
20.00 «SUPER BOL!». 5 выпуск
20.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер). 3-орын үшін матч. Тікелей эфир
23.00 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы. Тікелей эфир
23.40 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттар Лигасы. (Ерлер). Финал. Тікелей эфир
01.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы
02.30 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркелей»
7.40 Анимация. Отандық / «Сақалар»
8.00 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
8.25 Анимация. Отандық / «Еркелей»
8.50 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
9.15 «Норм және оның айнымас достары. Патшалық кілті» толықметражды мультфильм.

10.45 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.55 «Қалқанқұлақ» телехикая
11.40 «Қайсар автобус» Мультхикая.
12.10 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
12.35 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
12.50 Анимация. Отандық / «Бөпе»
13.05 Анимация. Отандық / «Еркелей»
13.30 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
13.45 «100% қасқыр» Мультхикая.
14.10 Тұсаукесер! «Бала ғой» юморлық бағдарлама.
14.25 Анимация. Отандық / «Еркелей»
15.00 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
15.25 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен Серке»
15.50 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
16.15 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
16.50 «Достық – жеңілмейтін күш» Мультхикая.
17.15 «Квест» ойын-сауықтық бағдарлама
17.30 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
17.40 «Лесси» Мультхикая.
18.10 «Эфирде Аека» ойын-сауықтық бағдарлама
18.25 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
18.40 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
19.05 «Қалқанқұлақ» телехикая
19.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
19.55 Анимация. Отандық / «Балапан түлек»
20.05 «Ақ дельфин Зум» Мультхикая.
20.30 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама
20.55 Анимация. «Сақалар»
21.15 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
21.30 «Қайсар автобус» Мультхикая.
22.00 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.15 «Норм және оның айнымас достары. Патшалық кілті» толықметражды мультфильм.

23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.25 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман» түрік телехикаясы
10.00 «Позднее раскаяние» телесериал
13.20 «Алдараспан»
17.10 «Многодедний» Худ. фильм
19.00 «АЩЫ ШЫНДЫҚ» тележоба
21.00 «Осман» түрік телехикаясы
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы
01.10 «Астана кеші көңілді»

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.20 Ем болсын
10.30 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
11.00 Қазақ спортының классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 ТамашаLike
13.00 Өтелмес борыш – Таласфильм
13.24 Dental planet
13.30 Қазақы әңгіме
14.20 Өнер қырандары
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Заблудившийся – худ. фильм
16.30 Кеш емес – қ.м.ф
17.00 Сау болайық
17.10 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Сырласайық
20.54 Dental planet
21.15 Ұлт саулығы
21.25 Шатқал – қ.м.ф.
22.20 Ғибратты ғұмырлар
22.55 Views



«АРЫСТАН ПАТША 3» мультфильм.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы.
Сағат 12.00-де.

АҢЫЗ АДАМ

ИМПЕРИЯ ҚУҒЫНДАҒАН ИМАНЖҮСІП

немесе тәуелсіздік үшін күрестің үш кезеңі

1881 жылдың күзінде Қоянды жәрмеңкесінде жұртқа жаға ұстатқан жағдай болды. Патшалы Ресей отаршыларының қазақ жерінде еркіндей бастаған кезі еді. Әсіресе, қазақ даласының солтүстік аймағын отаршылар өздерінің меншігіндей көре бастаған. Бұратана халықтарға үстемдік құру о баста пешенесіне жазылғандай көріп, еркінсіген олардың арам пиғылдары күн сайынғы іс-әрекеттерінен айқын аңғарылып жататын. Қазақтың үлкен мәдени-сауда орталығының бірі – Қоянды жәрмеңкесінде болған оқиға осының бір көрінісі болатын.


**Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК**

Кең даланың түкпір-түкпірінен келіп бас қосатын орталықтағы жәрмеңкеде күз күндерінің бірінде бүкіл елдің көзінше жаттығу жасап жатқан екі жауынгер нысанаға Кенесарының суретін іліп қойып ата бастайды. Олардың бұл жаттығуы жаттығу емес, балақтағы биттің басқа шығып, халықты қорлауы еді. Іш қазандай қайнап, күресерге дәрмені болмаған жұрт тісін қайрағанмен, амалсыздық танытқан. Осы кезде еңсесі биік еңгезердей бір жігіт алшаңдай басып екі жасауылға таяй берді.

– Көпшіліктің ішінен суырылып шыққан он сегіздегі еңгезердей жігіт екі жасауылдың желкелерінен қыса ұстап, бір-біріне бетпе-бет қатты соғыстырып, екеуін екі жаққа лақтырып жібереді. Жұрт у-шу болып қалады. «Қайда, ойбай? Кім өзі?!» дескендер абыр-сабыр болып, не істерлерін білмей де қалады. Иманжүсіптің аты сол кезде қайта-қайта аталып, ел арасына кеңінен белгілі болған еді. Иманжүсіптің бұлай жасайтын реті бар еді, оның әкесі Құтпан (шын аты – Баймырза) Кенесарының жасағында болатын. Сол Кене ханның жасағында соңына дейін болып, кейін Ертістің жағасын паналап, Павлодардың маңындағы Алтыбай деген жерде тұрғанда Иманжүсіп дүниеге келген. Иманжүсіптің алғаш елге танымал болып, отаршылдыққа қарсы шығып, халыққа қамқорлық таныта бастауы да осы жәрмеңкеден бастау алады, – дейді Иманжүсіптің немересі, зерттеуші-ғалым Раушан Нұрханқызы.

Токтауды білмейтін тарихтың темір доңғалағында мың өліп, мың тірілген қазақтың басына не келіп, не кетпеді дейсіз. Ұлы дала сан рет нағыз өлім мен өмір арпалысқан нағыз шайқас алаңына айналған. Ата-бабамыз қасиетті қонысын қанымен, жанымен қорғаған. Ал әр кезең өзінің бейнесін көрсетер өз тұлғаларын тудырып отырды.

Бұған дейін біреу біліп, біреу білмейтін Иманжүсіптің аты осы бір сын сағаттан кейін-ақ аңызға айналып кете барды. Алайда, көпшілік жұрт оның нағыз кім екенін әлі біле бермейтін. Өйткені, небәрі он сегіз жастағы Иманжүсіптің тағдырында тарихтың талай қатпарларының ізі бар болатын. Ол қазақтың маңдайына біткен жұлдызы болғанымен, дүниеге ғайыптан келе қалған жоқ еді.

– Ол өзі өте бір ғажайып тұлға және оның өзі ғана емес, шыққан тегінде ата-бабасынан келе жатқан күрескерлік дәстүр бар. Иманжүсіп тақырыбын айтқанда, қазақ халқының үш кезеңдегі азаттық күресі елестейді. Үш кезеңдегі үш түрлі жауға деген қарсылық. Алғашқы кезеңі – Қоқан әкімшілігінің озбырлығына қарсы күрес. Иманжүсіптің атасы – Тұрғанбай датқа қазақ намысы үшін кеудесін бастырмаймын деп, адамдық атын жоғары көтеріп жүремін деп, Қоқан ханының қырына алынып, ақыры, қорлықпен дүние салған.



Кенеттен келген Қоқан әскерлері аяусыз жауыздықпен ауылындағы бүкіл адамның бәрін қырып жіберген. Жалпы, қоғам билеушілерінің дәуірі деген тақырып әлі де жазылған жоқ, кеңестік кезде ұлттар достығына шіркеу түспесін деген жалған бір теория болды. Егер жақсылығын да, кемшілігін де көрсетіп расын жазса, шіркеу келмейді. Ал енді Қоқан хандығының Сыр бойының орта ағысы мен жоғары ағысындағы ел үшін жасаған естен кетпейтін зәбір-жапасы деген өте қайғылы айғақтарға толы болды, – деген болатын марқұм академик Рахманқұл Бердібай.

Ел аузында Иманжүсіп Құтпанұлы туралы аңыз көп. Бір ғажайып – оның арғы жағында шыңғырған шындықтың табы жатыр. Қоқан билеушілері көрсеткен сый-құрметтің ешбіріне қарамай, Түркістанды Қоқан езгісінен босату мақсатында бітіспес күрес жүргізген атасы Тұрғанбай датқа сол басқыншылар қолынан қаза тапқан. Тұрғанбай датқаның баласы Құтпан сәби кезінде керуеншілер қолына тап болып, Ертіс жағалауына қарай кетеді. Ол сонда жүріп ержетіп, екінші бір тарихи кезеңді бастан өткереді. Ол Кене ханның қолында жүріп, орыс отаршыларына қарсы күрескен адамдардың бірі еді.

Патшалы Ресей отаршылары өз дегенін істету үшін қазақтың бірін-біріне айдап салып, өшіктіріп қойып отырған. Алғашында, ақиық ақын, сұңғыла сазгер, өркеуде палуан Иманжүсіп Құтпанұлы да осындай саясаттың құрбаны болады. Патша итаршыларының азғыруы мен Иманжүсіпті өзінің Шәріп деген досы ұстатып жіберген.

– Бұл – 1885 жылы болған нәрсе. Иманжүсіпті бүкіл халық қолдап, сайлауға қатыстырады. Алайда, отыз бес

жасқа толмағандықтан, оны үміткерлер қатарынан алып тастайды. Содан бастап Ыбырайдың баласы Рахым Жайықбаев болыс болады да, Иманжүсіптің соңына түседі. Біресе атын сұрап, біресе қамшысын сұрап, түрлі сылтаулармен ізінен қалмай қояды. Иманжүсіпті қалай ұстарын білмей, көп әуреге түскен. Ақырында, Иманжүсіптің старшина болған Шәріп деген жан жолдасын азғырады. Ақмола уезінің Ерейментау ауданында жүрген осы жақын досына – Шәріпке барып, «Старшина болғың келсе, бізге ұстап бер» деген шарт қояды. Шәріптің үйінде қонақта отырғанда, сөйтіп, Иманжүсіп қолға түсіп, айдауға жіберіледі, – деді Раушан Нұрханқызы.

Иманжүсіптің өзі сыйлайтын, шын берілген достары да аз болмаған. Өр кеуделі өжет ақын өз тұлғасымен теңдес адамдармен жақсы араласып тұрады. Соның бірі – күш атасын танытқан кәдімгі қазақтың палуаны Қажымұқан. Алайда, талай елде, талай жерде орда бұзып, жауырыны жерге тимеген Қажымұқан бойы екі метрден асатын палуан Иманжүсіппен белдесіп көрмеген. Себебі, Иманжүсіп оған екі-үш жас үлкендігі бар аға болып келетін. Қажымұқан оны қатты сыйлап өткен. Оған 1913 жылдары болған қызықты бір оқиға дәлел бола алады. Бірде Қажымұқан қисық-қыңырлау бір шалды көтеріп алып, үй үстіне отырғызып кетеді.

Ел-жұрттың алдында маскара болған осы үлкен кісі кегімді қалай аламын деп жүргенде, біреулер «Мұның Иманжүсіп деген ағасы бар, соған шағымданыңыз» деген ақыл айтады. Шал байғұс құп көріп, «Мені бүкіл елдің алдында маскара қылды, менің істерім лажым жоқ, кегімді алып беріңіз» деп Иманжүсіпке барған. Бұл аралықта Қажымұқан әлгі

шал туралы ұмытып та кетеді. Бір күні ақын, әнші, сазгерлермен бас қосып, киіз үйде қымыз ішіп отырғанда, «Әлгі Қажымұқан деген ит осында ма?» деген сырттан бір дауыс естіледі. Қажымұқан жаны қалмай: «Иә, аға, мен осындамын» деп бәйек боп жатқанда, Иманжүсіп таяп келіп, қамшысымен бір тартып жібереді де, кетіп қалады. Қажымұқанның өзінің айтуынша, көзі қарауытып, не істерін білмей, әрең дегенде аяғында тұрып қалады. Киген киімі екі айырылып кеткен. «Ағаң екені рас болса, сені неге аямады?» деген қасындағы жұртқа: «Бұл аяғаны ғой, егер аямаса, Иманжүсіптің қамшысының ұшында Әзірейіл отырады деуші еді, шын ашуланса, мен тірі қалмайтын едім» депті. Осының өзінен екі палуанның бірін-бірі қатты сыйлағанын, бір-бірінің алдынан кесіп өтпегендігін аңғаруға болады, – дейді Раушан Нұрханқызы.

Өзінің зор тұлғасы сияқты Иманжүсіп биік рухтағы, кең тынысты композитор болған. Кейіннен оның әндерінің біразы қазақтың мың әнін жинаған Александр Викторович Затаевичтің жинағына енді. Ал Иманжүсіптің «Сармойын», «Сарыарқа», «Ерейментау» деген әндері көпшілік елге онсыз да жақсы мәлім еді. Алайда, кеңестік саясаттың кесірі тиіп, 1931 жылы «халық жауы» болып атылып кеткен соң, Иманжүсіптің есімін атауға болмайтын.

– Иманжүсіптің өзі өмір бойы патшаға қарсы күресіп өткен. Өскеменге де, Жетісуға да, басқа жерлерге де талай рет жер аударылған. Сондағы жалғыз жазығы кеудесін ешкімге бастырмаймын деген намыстылығы, әйтпесе ешкімге қорлық көрсеткен емес. Қай заманда болса да, өзінің пікірін айта алатын, халықтың қамын ойлап, сөзін сөйлейтін адамды үкімет жақсы көрмейді. Кейін кеңес өкіметі орнап, жақсылыққа қол жете ме деп жүргенде, оның саясатының да сұрқы жаман екенін ойы зерек, сұңғыла адам жақсы біледі. Елді жайлаған азамат соғысын, ашаршылықты, басқа да бассыздықтарды көріп, одан да күдер үзген. Кезінде Сәкен Сейфуллиннің шақыртуымен Қызылордаға да барды. Бірақ соның бәрінде халықтың басына түсіп отырған күйзелісті көріп, көңілі суыйды. Бұл қоғамнан да жақсылық көруге болмайтынын біліп, түңілген. Сөйтіп, ол кеңес өкіметіне іштей қарсы да болған, оны да жасыруға болмайды. Ақыр аяғында, Мойынқұмда жүргенінде әртүрлі желеулер тауып, басқа күрескерлермен бірге ұстап, 1931 жылы «үштіктің» шешімімен ату жазасына кескен. Байқап қарасаңыз, Иманжүсіптің өмірінен бір әулеттің үш буынының тағдыры көрінеді. Бұл үш буынды жалпы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің символы деуге болады. Иманжүсіп – заман тудырған тұлға, – деген болатын академик Рахманқұл Бердібаев.

Қолда нақты деректер болмаған соң, кесіп айту қиын. Сонда да болса, Иманжүсіпті отаршылдыққа қарсы күреспеді дей алмайсыз. Оның әндерінде кездесетін «Өкем Құтпан болғанда, ағам – Шоңай, Адамзаттан жан тумас мендей құмай. Төрт стражник, переу-этшік және ауылнай, Бәрі сойдым бақыртып қойдан оңай» дейді. Немесе «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын, Өрт тиіп лаулап жанған құрақтайын? Аузы түкті кәпірдің талайларын, Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын» деген шумақтардың өзі талай сырды ақтарып тұрғандай. Иманжүсіп сонау Қоянды жәрмеңкесіндегі оқиғадан кейін-ақ патша жандаралдарының қырына іліккен болатын. Ол кезде он сегіз жастағы Иманжүсіп Кенесарының суретін қорғап қалған еді.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

СЫЙЛАСТЫҚ СЫРЫ

Өзара түсіністік – өзекті мәселелерді шешудің тікелей жолы

Қоғам түрлі оқиғаға толы. Әр тарапқа асыққан бір адам. Баршасы қауырт. Шаруа қым-қиғаш. Жолға, кезекке, мүлікке талас күшейді. Қайда, қалай аптыққанмен баратын жер біреу. 5 күн жалғанда әдеп сақтап, сіз-біз десіп өткенге не жетсін!

А Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біздің халқымыз мамыражай, еркін күнге үйренген. Өу бастан дүние кумаған. Табиғат тіршілігімен етене жақын болған. Алдыңғы патша заманы, кешегі Қызыл империяның шылауында болды. Жай түсіп жатса да, мұқалмады. Қиындыққа қасқайып қарсы тұрды. Озбыр зобалаңнан да өте білді. Иә, жоғалтқанымыз аз емес-ті. Азаттықтың ақ таңы атты. Нарықтық экономикаға көштік. Әркім «балапан басымен, тұрымтай тұсымен кетті». Кім пысық, епті, қағылез, сол озды. Осылайша түк дайындықсыз капитализмге тап болдық. Осыған әлі де етіміз үйрене алмай жүрміз. Осыдан келіп қызыл кеңірдек айтыс-тартыс түгесілмей келеді.

Жол – ортақ

Алматы – алып шаһар. Алыптығы жүрген жолдан білінеді. Әсіресе, таңертең және кешке сезіледі. Нағыз асығыс-үсігіс уақыт.

Мегаполистің ең үлкен даңғылының бірі – Абай. Қалған көшелер осыған шахмат тақтасы секілді орналасады. Әсіресе, бағдаршам өшсе, бітті дей беріңіз. Көліктер бір-біріне жол бермейді. Айғай, арты жаға жыртысуға ұласады. Қоғамдық көлік өте алмай дал. Жаяу жүргіншілер арғы бетке жете алмайды. Үлкен кісі, бала-шағаға обал. Жүгенсіз жолаушы түйреп өтсе, орны толмас қайғы-қасірет. Ондайdan аулақ. Алайда, осы сәттер жиі орын алуда. Автобус лық толы. Троллейбуске тоқ жетпесе, жолда кесе көлденең қалады. Екі жеңіл көлік бір-бірін сырып кетсе, дау-дамайға айналады. Жас-кәріге қарамай балағаттап, жетер жеріне жеткізеді. Әйел еркектен бетер. Бет жыртысып, былапыт сөз айтып көкіп тастайды. Сәл нәрседен ілік іздейді. Тәртіп сақшыларын шақырады. Бір-бірінің үстінен арыз толтырады. Танымайтын адаммен жоқ жерден өшігеді. Ақырында сот, прокуратура, полицияны жағалайды. Қалыпты тірліктен қол үзеді. Жүйке тозады. Отбасына кіретін табыс азаяды. Осындай оғаш қылықтың соңы немен бітетіні айтпаса да түсінікті.

Жол – бәріне ортақ. Дау-жанжалға ұрынбай келісімге келсе болады. Кез келген түйін шешіледі. Осылай өзара ымыраға келіп жатқандар баршылық. Оларға тек сүйсініп қараймыз. Онсыз да тұрмыс қысып тұр. Одан да жұртты тілдемей, барар нысанаға аман-есен жетейік. Жедел жәрдемге жол босатайық. Қоғамдық көлікті қиылыс-бұрылыстан өткізейік. Ішінде қаншама жан жұмысқа, үйге беттеп барады. Жаяу жүргіншілер бағдаршамға қарап өтсін. Велосипед, мотоцикл, мопед, самокат – бәрі өз жолын білсін. Асыққан, жол сұраған жанның көлігін өткізейік. Одан тек сауап жинаймыз. Көзге көрінбейтін, ұсақ-түйек игі іс көңіл жадыратары сөзсіз.

Әлеуметтік желі әлегі

Қазір қайда барсаң да тауып алады. Қалтадағы смартфон басты компас. Бір сәт сөндірсең, хабарлама мен қоңыраудан жаңыласыз. Құдды телефон жарылып кетердей көрінеді.



Соны қараймын деп-ақ сілікпеңіз шығады. Бұның түбі не болар екен?!

Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны бірдей. Кейде қуантады, ендігіде жүректі ауыртады. Дүниеден безіп кеткің келеді. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін сонымен әлек. YouTube, Instagram, Facebook, WhatsApp және т.б. жиі қолданылады. Онда атыс-шабыс, қулық-сұмдық видео көп. Арасында имани роликтер де бар. Хабар-ошардың барлығын содан білеміз. Адами қарым-қатынас азайды. Жазылған пікірлерді көріп тап бір халықаралық Гаага сотына жауап беріп тұрғандайсыз. Белгісіз біреу балағаттай салады. Оның қандай аккаунт арқылы жариялап отырғанын қарапайым адам біліп болмайды. Бұған түбінде бір тоқтау болатын шығар.

Контент жас талғамайтын болды. Уызынан енді шыққан бала, телефонсыз тамақ ішіп, ұйықтамайды. Ойын жайына қалып барады. Шұқылап отыра береді. Дене-бітімі қашан дамиды. Оған бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Тым құрығанда нендей видео, фильм, қала берді мульттоптама көретіндігін бақылау қажет. Әйтпесе, нағыз тас жүректер өсіп шықпалы тұр. Тәрбиені ата-ана емес, әлеуметтік желі беріп жатыр. Талай рет айтып, мәселе ретінде жазғанбыз. Алайда, сен қозғалар емес. Осыған назар аударайық!

Әлеуметтік желіні жұмыс бабында, керек-жаракқа пайдаланайық. Бос уақытты жаңуға, жақын жандарға арнайық.

Әркімнің өз орны бар

Кез келген елдің жас өрендеріне қарап, елін тануға болады. Соның ішінде қыз баланың тәлім-тәрбиесіне жіті көңіл бөлетін кез жетті. Қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова «қыз бала үйде ерсі қылық жасаса, ата-анасына сын, сыртта ұятты елемесе ұлтына сын» деген екен.

Бірде жақын ағайымыз кейіді. Өзі ғылым адамы. Жасы 70-ті алқымдады. Велосипедпен жұмысқа, анда-мұнда қатынайды. Сол кісі веложолақпен жүріп келе жатса, алдынан тырыстырып шалбар киген, шашын еркекше қырыққан, бетіне бояуды ретсіз жаққан, енгезердей әйел шығады. Жол бермейді, не жаяу жүргіншілер жолына қырсығып шықпайды. Ағайды шешесінен, жеті ата-бабасына дейін балағаттайды. Оны велосипедпен қақпады, соқпады. Тек жол беруін сұрады. Соған бола өзінің әкесіндей адамға аузына келгенін сөйлегені, оның көргенсіз, тексіз, жетесіздігін аңғартып тұр. Осы оқиғаны естіп, жағамды ұстадым. Қазақ әйелі әрқашан ер адамды бір саты биік қоятын. Бүгінде осындай ізгі қасиет келмestің кемесіне мініп бара жатқандай.

...Көк базар жақтан қайтып келемін. Аялдамаға дейін жаяу жүрдім. Қарсы алдымнан жас шамасы 10–12 жастағы екі бала самокатпен зулап келеді. Қос апайды қағып-соғып өтіп кетті. Сонысымен қоймай, орысшалап жаман сөз айтып өтті. 45–50 жастағы апайлар да қалыс қалмады. Көріп, шошып қалдық. Е-е, егде адамда да, жасөспірімдерде де ақыл-ес қалмай барады.

Электронды шылым, интернет, тату, батысқа еліктеу қазақ қызының түбіне жетіп тынбаса жарар еді. Мөңке би «кедірейген келін, едірейген ұлын, қарындастан артық жау болмас» деп болашаққа болжам айтыпты. Соның кері келді. Ұл оқымаса да, қазір өрімдей жас қыз шетел асады. Африкада құдық қазып жүр. Өз елінде суға жетпей, өзегі талған қанша жан бар. Шетелде жалғыз жарым

жүрген қыздың не істеп жүргенін кім білсін? Жұрттың бәрі өз-өзіне берік бола қоймас. Сөйтіп, елге қайтпай, өзгенің ығында, сол жаққа күйеуге тиіп кетеді. Қанша демократиялық қоғам десек те, демократия жүгенсіз болмауы тиіс. Ұлтының қадіріне жетпеген қыз ештеңеге қарап жатпайды. Ел арасында «әйел бастаған көш оңбас» дейді. Тым шектен шығып, ермен жағаласқан жарамас. Көпті көрген әжеміз «ер-азаматтың тапқан тиыны, әйелдің тапқан теңгесінен артық, берекелі» деуші еді. Түркі халықтарының ішінде қыз тәрбиесіне осалдық танытқан біз сияқтымыз. Тізгінді тартатын кез жетті. Етек-жеңімізді жинамасақ, жойылу қаупі төніп тұр. Ондайға душар болмайық.

Періште көкте ғана...

Біз қарапайым пендеміз! Қателесуіміз мүмкін. Бірақ ұдайы олқылықтың түбі жақсы емес. Кем-кетікке түсіністік танытқанға не жетсін?!

Бір оқиға айтуды жөн көреміз. Баяғыда екі батыр шексіз қалыпты. Сонда аузы дуалы би тоқтамға шақырып:

*Атамның жолы қиалап,
Адалдың жолы төте еді.
Жақсы жаман әркімнің,
Арасынан өтеді.
Араласпай-таласпай,
Тату жүрсек не етеді?
Ынтымағы жарасса...
Бү дүниенің қызығы
Бәріңе түгел жетеді!* – депті.

Ынтымақ, бірлік, татулық ердің ісі деп білеміз.

Бірде ватсапқа хабарлама келді. Түн жарымына жуықтаған-тұғын. Сағат 24.00 болмай ұйықтамайтын әдет бар. Әлгі хабарлама қатқыл, ренжулі жазылыпты. Мәні тану-танымау туралы. Түнімен ойландық-толғандық. Әлгінің не тілегенін түсінбей, ішім алай-дүлей.

Үлкендер «үндемеген үйдей бәледен құтылады» дейтін. Үнінді шығармасын басына шығып алатын түрі бар. Тілшілер тілге, сөзге етене жақын. Аса мән береді. Сол себепті де, біреуге біреу туралы сөз қозғап қажеті жоқ. Осыны ұғып келеміз. Жаңа танысып, дос-жора болудан сескенетін күйге ұшырап барамыз. Тіпті, газетке пікір берген, әдемі сөйлеген мүйізі қарағайдай адамдар, бір сөзін кілт кетсе, далбасалап шыға келеді. Хакім Абай «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» депті. Бұл өленді ұстаздарға арнап жазса да, астарлы сөз адамзатқа қарата айтылғандай.

Осы күні дос түгілі өз шешесімен тіл табыспай, басы піспейтін кез болып тұрады. Қарғап-сілегенде дүниеден түңіліп кете жаздайсың. Әсіресе, ата-әже тәрбиесін көргендер бөлек. Жылы алақан, айналып-толғанады. Сыпайылық, құрмет, ізетті үйретеді. Ол жағына гәп жоқ. Алайда, өз еке-шешесі, бауырларынан тәрбиесі бөлектейді. Сосын оны ешкім түсінбейді. Айқай-сүрем туындағанда бәрін тастап безіп кеткің келеді. Сондықтан әрбіреу өз баласына өзі еге болған жөн.

Мектепте, университетте көп таластық. Бәсекелестік күшті еді. Бәрі жұлдыз хәм білгір. Соның ішінде өзіміз де бармыз. Құрбы-құрдас таптық. Болмашы үшін дос-жараннан айырылып қала жаздадық. Қарап тұрсам, соның бәрі балалық әрі шалалық екен.

Әуелгіде ұжыммен жұмыс істеу тәжірибесі бола қоймайды. Томаға-тұйық жандар ортаға тез бейімделмейді. Біраз уақыт өткеннен кейін сіңеді. Айналаға қарайды. Кімнің қандай екенін түсінеді. Сөйтіп барып тіл табысады екен ғой. Біз жас болған соң албырттыққа салынамыз. Десе де, қайтымымыз бар. Осы күні көп жойтты ой елегінен өткіземіз. Баяғыдай болмашыға күйіп-пісе берген жарамайды. Маған өмір көрген үлкен кісілердің айтуынша – адам бірде көл, бірде шөл. Осыдан-ақ біраз дүниенің байыбына бара бастадық.

Қазақта «Ағайын бір өлі, бір тіріде» дейді. Ауылдан шалғай жүрміз. Сонда университеттегі ұстазым Сейдулла Садықов «ағайыннан қол үзбе» деген-тұғын. Қалаға келіп орнығып, сөзінің мәйегін ойлана бастадық. Ендігі кезекте «ақылына көркі сай» инабатты, ибалы жар нәсіп етсе екен!

Менің ақын әрі өзіме жақын жоғары оқуды бірге оқыған Фариза Әлиева топтасым «Қыздың – иманнан, сабырдан, төзімнен хабары болса игі» деп еді. Сөзінің жаны, тұспалдап айтар мағынасы бар. Шынында тату-тәтті, мамыражай, бейбіт күн кешкенге ештеңе жетпейді. Себебі, біз пендеміз, періште көкте ғана!

● ТҮЙІН:

Көптен бері жоғарыдағы сан түрлі ойлар мазалап жүрген. Соның бір парасын айттық. Қоғам түзелуі үшін өзімізді оналту керек сияқты. Тек жақсылық болғай.

Біз «қарға тамырлы қазақпыз». Тағдырға есеміз кетті. Ендігі жерде сыйласып, түсінісіп, татулықта күн кешуге жазсын.





ҚАУЛЫ

ҰЛТТЫҚ ГОСПИТАЛЬ БОЛАДЫ

ҚР Үкіметінің 02.08.2022 ж. №523 қаулысы негізінде Алматыдағы «Орталық клиникалық аурухана» АҚ жекешелендіруге арналған объектілер тізбесінен алынып тасталды. Осылайша «ОКА» АҚ – ҚР ПІБ МО «Ұлттық госпиталі» ШЖҚ РМК болып қайта құрылады.

Жекешелендіру тізбесінен шығаруды мақұлдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытындысына сәйкес, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі ҚР Президенті

Іс басқармасы Медициналық орталығының «Ұлттық госпиталі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құруға келісім берді.

«ОКА» АҚ-ны қайта құру аурухананы одан әрі дамыту үшін қажет, бұл іс-шара «Совмин» пациенттері үшін ешқандай өзгеріс әкелмейді – госпиталь сол ғимаратта және сол мекенжайда қалады.

Қазіргі уақытта қаулы жобасы 25 шілдеге дейін ашық талқылау үшін Ашық НҚА сайтында жарияланған.

Нұр ЖАМАЛ.

СТУДЕНТ ДӘПТЕРІНЕН



ТАБИҒАТ

Табиғат – баға жетпес асыл қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен, дәл қазір сол табиғатымыз нашарлап, ластануда.

Біздің әсем Алматыға қызықпайтын турист жоқ. Сондықтан біз шаһарымызды барынша таза ұстауымыз керек.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін ескере отырып, Алматыда да қалдықтарды бөлек жинау бойынша іс-шаралар қолға алынған болатын. Дегенмен де, ауаның ластануына байланысты Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай өзендеріндегі судың жағдайы бойынша «ластанудың орташа

деңгейі» ретінде сипатталады. Сансыз көліктен, зауыттардан шығатын түтіндер ауамызды күн сайын ластануда. Сонымен қатар, ауаның ластануы адамдардың денсаулығына да теріс әсер етуде.

Біз табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреміз. Табиғатты аялайық!

Әсемай САҒЫМБАЕВА,
«Тұран» университетінің
2-курс студенті.

ТАЗАЛЫҚ

АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

қала тұрғындарын қоқыс тастамауға шақырады



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ



Оңтүстік астананың полиция департаментінің хабарлауынша, қоғамда «құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Ұсақ, оғаш қылық қаланы қоқыс орталығына айналдыратын түрі бар.

– Бүгінгі күні көшедегі қылмыстардың алдын алудың басты тұтқасы – әкімшілік құқық бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу. Сондай-ақ, олардың жасалуына мүлдем төзбеушілік тудыру қажет. Бұл салаға ерекше мән берілуде, өйткені ұсақ құқық бұзушылықтар, мейлі ол қоқыс болсын, жазасыз қалдырылмайды. Кәдеге жарату, жол қозғалысы ережелерін бұзу және басқа да

заңсыз көріністер болашақта аса ауыр әрекеттер немесе қылмыстар жасауға алғышарттар жасауға әкеп соғады, – деді Алматы қалалық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Диас Дуанбеков.

Алматыда жыл басынан бері қоғамдық орындарды ластануға байланысты 5370 құқық бұзушылық анықталды. Айыппұл сомасы 91 миллион теңгеден асқан.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына: 261 59 11 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«БИДАЙ БАСЫ» АМАЛЫ

Орысша «Дева» дейді. Тура мағынасынан аударылған қазақшасы «Бикеш» делініп жүр. Жүсіп Баласағұн бұл амалды «Бидай басы» деп атаған

Өткен пайымымызда сөз еткен «Бас шілде» амалы аяқталуда. Бабалардың айтуына байланысты жазғанымыздай: амал кезінде жаңбыр да жауды, күн күркіреп, найзағай да ойнады, аңызақ күндер де аз болған жоқ.

Шілде айының ортасынан ауа жер құрғап, шөптердің буыны қатып, сарғая бастайды. Малға да, жанға да жайлы кез басталады. «Үркер толғағы» амалының келетін кезі, міне, осы мезгіл.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Шілденің екінші он күнінде:

- * Көкек шақыруын тыймаса, жаз ұзаққа созылады.
- * Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі.
- * Масының азаюы, ауа райының ыстық болатынының белгісі.
- * Бұлтты күндер жиі болмақ. «Бұлттан шыққан күн ащы» деген.



Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Үркерді орысша «Дева» деп атайды. Тура мағынасында аударылғандықтан қазақшасы «Бикеш» делініп жүр. Ал Жүсіп Баласағұн «Бидай басы» деп атаған екен. «Жеті қарақшының» қызын ұрлаған Үркер осы.

Қазақ Үркер, Таразы, Үш Арқар жұлдыздарын «бөлек туып бірге батқан үш жұлдыз» деп айтады. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен, бір күнде – мамыр айының соңына таман (жиырма тоғыз, отызы шамасында) «жерге кіріп», көрінбей кетеді. Сонан соң Үркер Сарша айында

(шілде), Таразы тамызда туады. Сол шоқжұлдыздар шоғыры көзге көрініп, жұптасып, көкке көтерілмей, шілденің аптабы басылмайтын көрінеді.

Аталмыш айдың алғашқы онкүні бітісімен жұлдыздар шоғыры топтасып, жұптасып, көкке бағыт алды. Міне, сол Үркердің («Бидай басы») қазір толғағы жүріп жатыр. Ауа райының тұрақсыз болуы, күннің күрт ысуы, жаңбырдың жаууы, бәрі-бәрі осы амалдың салдары. Үркер туған соң жер құрғайды, күн ысиды, шөптердің сабағы қатайып, өзі сарғаяды. Бұл малға да, жанға да жайлы кезең.

Осы кезде Сыр бойында, оңтүстік

өңірлерде бидайға орақ түссе, астықты Арқа аймағында бидай масағы қамырланып, бас байлайды, ол қатая келе дөнге, дән нанға айналады. Әлемге аты әйгілі ғұлама Баласағұнның «Бидай басы» деп ат қойып, айдар тағуы осыдан болса керек. Үркер амалы жаздың бел ортаға келгендігін білдіреді. Бұл мезгілде кейде ұзаққа созылған сылбыр жауын жауады, кейде сарша тамызға жалғасқан қапырық ыстық болады.

Үркер жұлдызынан жиырма күндей кейін Таразы жұлдызы туады. Таразы шоқжұлдызы шілденің ортасы ауа шығыстан көрініп, күз, қыс бойы Үркердің

соңын ала, батысқа қарай ауады. Таразы туғаннан кейін Сүмбіле туады. Сөйтіп, қоңыр күздің ортасы ауа, қара күздің басында Үркер бастаған Таразы, Сүмбіле (Үшарқар) жұлдыздар шоғыры батысқа қарай бағыт алады. Бұл көрініс күн мен түн теңескенін, енді күн ұзара бастайтын мезгіл-мезет жеткенін білдіреді.

Қазір григорианша, шілденің – 13-і, ай күнтізбесі бойынша, – 25-і, ескіше (қазақша) – 1 күннен кейін жаңа ай басталады. Аспан денелерінің білдіруі бойынша, алдағы аптада күн шуақты қалпын сақтайды. Жауын-шашын сирексиді, апта соңына қарай салқындық көрініс беруі ықтимал.

ҚЫСҚА ӘҢГІМЕЛЕР

КӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ

Айнала толған адам, қым-қуыт тіршілік. Кез келген жанның өміріне үңілер болсақ, әрқайсысында бір-бір оқиға, бір-бір қуаныш немесе мұң, әлде махаббат, бақыт бар. Сіз білесіз бе, бізге бір-біріміздің болмашы қадамдарымыздан да, сөздерімізден де, әрекеттерімізден де үлгі алуға болады. Оны осынау өмір дәлелдеген.

БАҚША ГҮЛДЕРІ

«Бүгін біздің үйленгенімізге 10 жыл. Күйеуім екеуміз біраз уақыттан бері жұмыссыз отырмыз. Сондықтан бұл жолғы мерейлі атаулы күнімізде бір-бірімізге сыйлық жасамай-ақ қояйық деп келістік. Танертең ұйқыдан оянам, жанымда жұбайым жоқ, ерте тұрып кетіпті. Ұйымды аша алмай төменге түсіп келе жатсам, ол бөлмені бақша гүлдерімен толтырып тастапты. Аяғымның асты жайнап жатыр. Еденге төселген гүлдердің саны шамамен 400-дей екен. Ал бұл сыйлыққа оның бір тиыны да шыққан жоқ. Бірақ ең қымбат сыйлық осы болды».

КІШКЕНТАЙ ЖҮРЕК

«Қызым сабақтан келе салып, сөмкесін босағаға қойып жатып, менен ыммен сөйлесу тілін қайдан үйренуге болатынын сұрады. Ол не үшін керек дедім. Сонда ол мектебіне бір қыз баланың, яғни жаңа оқушының келгенін айтты. Бірақ ол тек саусақпен ымдау арқылы сөйлесетін мылқау қыз екен. Әрі оның араласатын өзі құралпы досы жоқ көрінеді. Мейірімді жүрегіңнен айналдым!».

СӘЛЕМДЕМЕ

«Мен бүгін, күйеуім жерленген үшінші күні бір құшақ гүл алдым. Оған осыдан бір апта бұрын көз жұмарының алдында жарым тапсырыс берген екен маған деп. Әдемілеп оралған



гүл ішіндегі тілдей сәлемдеме қағазында «Мені осы обыр дерті жеңген күнде де, біліп жүрші, сен менің арналымдағы аруым болып мәңгілікке қала бересің» деп жазылыпты».

МЕНІҢ ӘЖЕМ

«Бүгін қарттар үйіне 12 жастағы ұлым Шонмен келдім. Мұнда ұзақ жылдан бері Альцгеймер дертімен ауыратын шешем тұрады. Анама көбіне өзім ғана келіп кетіп тұрамын. Бірнеше айдан бері ұлыммен бірге келіп тұрғаным осы. Дәлізден бізді көрген медбике:

– Сәлем, Шон! – деп жылы амандасты баламмен.
– Ол сені қайдан біледі? – деп тандана сұрадым.
– А, мені ме? Мен күнде сабақтан қайтар жолда осында, әжеме сәлем беріп кету үшін соғып тұрамын, – деді ұлым. Мен бұл туралы мүлдем білген жоқпын, шын айтам».

КІТАП

«Жақында секунд-хэнд кітаптар дүкеніне бас сұқтым. Сонау бала күнімде бір жақсы кітабымды ұрлатып алған болатынымын, тура сол кітаптың бір данасы тұр екен сөреде,

қуана-қуана сатып алдым. Қызығы сол, алғашқы бетін парақтағаннан-ақ оның сол бір кездері ұрланған өз кітабым екенін бірден ұқтым. Алғашқы бетінде менің атым және атамның маған арнаған сөзі тұр еді. «Арада жылдар өткенде, бұл кітапты тағы да қолыңа алып, қайта оқып шығар деген сенімдемін» деп жазылған еді».

ТАҒЫ БІР МҮМКІНДІК

«Мен егделеу тартқан ерлі-зайыпты отырған үстелден тапсырыс қабылдадым. Олардың бір-біріне асқан сүйіспеншілікпен қараған көзқарасына, ықыласына тәнті болып, қанша жасқа келсе де бір-біріне деген сезімі өшпепті деген ойға кеттім. Мен олар берген тапсырысты жеткізуге үстелге жақындағанымда, ер адам маған қарап, асқан бақытты жүзбен олар бүгін екеуіне ортақ мерейлі күнді атап өтіп жатқанын айтты.

– Рұқсат болса, мен сіздердің қанша жыл бірге екендеріңізді тауып берейінші, сіздер ұзақ, өте ұзақ жылдардан бері біргесіздер! – дедім сүйсініп кетіп. Бір кезде екеуі бір-біріне мейірлене қарап езу тартты.

– Мүлдем олай емес. Бүгін біздің бас қосқанымызға бес жыл толды. Біз екеуіміз де бұрынғы өмірімізден бақыт таба алмап едік. Бірақ тағдыр бізге махаббатқа сену үшін тағы бір мүмкіндік берді, – деді әйел».

ШИЕ

«Бөлмеме бес жасар інім кіріп келе жатты. Сол екенін көзімнің қиығымен байқап отырмын. Ол жаққа назар да аудармастан:

– Бөлмеменнен шық тез, кедергі жасайсың! – деп бар даусыммен айқайлай жөнелдім. Кете қоймады. Бұрылып алып қайта айқайлай бастағаным сол еді, көзім қолындағы тәрелке толы қып-қызыл шиеге түсіп кетті. Менің ең сүйікті жидегім.

– Кешірші, мен бар болғаны мынаны сенімен бөліскім келген, – деді ол көзі жәудіреп».

Аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

